



ТАРИХ

ТАРИХ. ТАҒЫЛЫМ. ТАҒЗЫМ



Аманкелдіде халық қозғалысына арналған той өтті

Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ

Еркіндік сүйген ержүрек халқымыз өз бостандығы үшін қашан да аянбай күресіп, атамекенін қасық қаны қалғанша қорғап қалды. Аманкелді Үдербайұлы бастаған 1916 жылғы халық қозғалысы – Тәуелсіздік жолындағы тартысты күрестің айқын көрінісі. Биыл осынау айтулы датаға 100 жыл. Өзге аймақтармен қатар тұрақты дамып келе жатқан Аманкелді ауданы да бұл мерекені өз дәрежесінде атап өтті. Үстіміздегі жылдың ақпан айында Қостанай облысының әкімі Архимед

Мұхамбетовтің ұсынысымен "Көркейе бер, Қостанай!" акциясы бастау алды. Мақсаты – қостанайлықтарды кіндік қаны тамған жерін көркейтуге шақыру, туған жерден жырақта жүрген түлектерді өз өлкесінің өсіп-өркендеуіне үлес қосуға тарту. Аманкелді ауданынан түлеп ұшқан, бүгінде сыртта жүрген жерлес азаматтар, кәсіпкерлер туған жерін көркейту үшін қаржылай көмектерін көрсетіп, демеушілік жасады. Мұның сыртында ауданның шаруашылық құрылымдарымен, кәсіпкерлерімен әлеуметтік әріптестік негізде меморандум жасалды.

Ерлік өшпейді, ер ұмытылмайды

Ұлт-азаттық қозғалыстың 100 жылдығын атап өтуге арналған мәдени-спорттық шаралар батыр ата ескерткішінің маңындағы жиынмен басталды. Аманкелді ауданының әкімі Нұржан Өтегенов ел тарихындағы халық қозғалысының маңызы мен Аманкелді Имановтың шынайы батырлығына тоқталды. ҚР Парламент сенатының депутаты Серік Ақылбай ұзын-сонар жолында азаттық деп аласұрған, еркіндік деп екпіндеген Аманкелді Үдербайұлының аңсап кеткен азаттығын сақтау, қастерлеу бүгінгі ұрпақтың еншісіне тигенін айтты. Мұнан кейін тарих ғылымының докторы, Аманкелді Имановтың немересі Батырлан Рамазанұлы, халық қозғалысына байланысты шыққан кітап туралы аз-

12-бет

СУРЕТТЕ: Аманкелді ауданында өткен ғасырлық тойдан көрініс.
Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

ЕЛ ТІЛЕГІ – ЕГІН ҮСТІНДЕ

Астық жерде қалмайды

Әлібек
ЫБЫРАЙ

Соңғы апталардағы күн райының қолайсыздығы егін орағына елеулі әсер етіп отыр. Екі аптадан бері әлсін-әлсін бүркіп жауған жаңбыр шаруалардың қолын

еріксіз байлап, қалған астықты мезгілінде жинап алуға мұрша берер емес. Соған қарамастан облыс диқандары жиын-терім жұмыстарын айдың аяғына дейін аяқтаймыз дейді.

Қазіргі таңда Тобыл өңірінде

барлық астықтың 63%-і қамбаға құйылды. Облыстық ауылшаруашылық басқармасының бөлім бастышы Сәлімжан Есенамановтың берген мәліметтеріне қарағанда, облыс диқандары барлығы 2 млн. 684 мың гектардың астығын орып

бастырған. Әзірге гектар бере-келілігі орта есеппен алғанда 12,3 центнерден айналады. Аудандар арасында тек Жанкелдин ауданы ғана орақ науқанын толық аяқтады. Ал, Денисов ауданында күзгі жиын-терім жұмыстары 82%-ке,

Әулікөлде – 80%-ке, Аманкелдіде – 76%-ке, Науырзым ауданында – 73%-ке орындалған. Ұзынкөл мен Сарыкөл аудандары көш соңында. Көршілес жатқан қос ауданда егін орағының үлес салмағы 55-56%-ке тең.

Жылу бағасы өзгере ме?

Қымбат
ДОСЖАНОВА

"Нұр Отан" партиясы ҚОФ төрағасының бірінші орынбасары Ғазиз Бекмұхамедов "Қостанай жылу-энергетикалық компаниясы" МКК-дағы бастауыш партия ұйымының жұмысымен танысты.

Бастауыш партия ұйымының төрағасы Асқар Бекпағанбетов кездесуге қатысушылардың алдына шығып, жасалған жұмыстардың есебін берді.

— Алғашында 440 жұмысшының біреуі ғана партияда болатын. Қазіргі уақытта 50 адам партия мүшелігіне өтті. Жылдың соңына дейін бұл көрсеткішті жүзге жеткіземіз. Қазан айының аяғына қарай бастауыш партия ұйымының бөлмесін ашу жоспарланып отыр, — деді А.Бекпағанбетов.

Сонымен қатар, 1 қазанда, жылу беру басталысымен, заңды тұлғаларға тариф бағасы өсіп, қала тұрғындары үшін баға өзгеріссіз қалатынын айтты.

Тегін кеңес берілді

"Бақытты балалық шақ" партиялық жобасы аясында қостанайлықтарға тегін кеңес берілді.

Іс-шараға "Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі", "Халыққа қызмет көрсету орталығы" және "Нұр Отан" партиясы ҚОФ-ның өкілдері, №4 қалалық емхананың дәрігерлері, психологтар қатысты. Сала мамандары қала тұрғындарына мемлекеттік бағдарламалар мен әртүрлі жеңілдіктер туралы айтып берді.

Халық арасында сұранысқа ие мекемелердің бірі — ХҚКО. Орталық шамамен, 530 қызмет түрін ұсынады. Соның ішінде тұрғын үй кезегіне тұру, неке қию мен балабақша кезегіне тұру қызметтерін көпшілік жиі пайдаланады.

Қала тұрғыны Бауыржан Жүнісов акцияның өтетінін интернет арқылы білген. Ол "Тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің" өкілдерінен кеңес алды.

— Мен "Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің" клиентімін. Ең төменгі депозиттен отбасылық депозитке қалай көшуге болатыны туралы білгім келеді. Осындай акциялар арқылы баспана сатып алу жолдарын сұрап, анықтауға болады, — деді Б.Жүнісов.

СУРЕТТЕ: акциядан көрініс.
Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

● ФУТБОЛ

"Тараз" тізе бүкті

Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ

Ел біріншілігінің 27 турында екінші алтылықтың үздігі "Тобыл" Тараздың өзі аттас клубын қабылдады. Төреші Тевяшовтың ысқырығы естілісімен қонақтар В.Логиновский қақпасын нысанаға алды. Небары екінші минутта тараздық Андрей Яковлев екі қорғаушыны алдап өтіп, жерлетіп тепті. Есеп ашылды! Ал, Омари Тетрадзе орталық қорғаушы С.Яворскийді орта тұсқа жіберді. Сергей "жаңа" шепте жақсы бастады. Әуелі, шабуылшы М.Мане бастаған бір шабуылды тоқтатса, екінші сәтте Т.Шимковичке керемет пас шығарды. Қақпашымен бетпе-бет шыққан Томаш биік тепті. 22 минутта Д.Савич есеп ашуға шақ қалды. С.Хижниченкомен пас алмасқан соң, А.Григоренко қақпасына соққы жасады. Әттең, тағы да қиыс.

Бірінші бөліктің аяқталуына он минут қалғанда Д.Тәжімбет есепті еселейтін еді. Дегенмен, тобылдық В.Логиновский қақпадағы қырағылығын көрсете білді. Шабуылшының тепкен добын бұрыштамаға шығарып жіберді. Ал "Тобыл" бұл шабуылға голмен жауап қайтарды. 40 минутта Денис Главина сол қапталмен допты ала жүріп, 30 метрден жақын тоғыздықты дәл көздеді. Есеп — 1:1!

Екінші тайм қостанайлықтардың басымдығымен басталды. 53 минутта Д.Главина қарсыластардың айып алаңына еніп, қорғаушының тосқауылына тап болды. Төреші тараздық Тарас Данилюкті "сары қағазбен" жазалап, пенальти белгіледі. Нүктеден Т.Шимкович қателеспеді. "Тобыл" алға шыққаннан соң да шабуылын тоқтатпады. Тыңнан қосылған Тимур Досмағамбетов белсенді ойнады. Оның пасынан соң Ш.Асильдаров қақпашымен дара шығып, есепті 3:1-ге жеткізді.

Осылайша, қостанайлықтар қоржынға үш ұпай салды. "Тобыл" келесі турда "Жетісуды" қабылдайды.

СУРЕТТЕ: "Тобыл" шабуылшысы Душан Савич.

Астық жерде қалмайды

1-бет Жалпы, биыл астық біткен бітік шықты. Үстіміздегі жылы республика бойынша 22 млн.тоннадан астам дәнді-дақылдар жиналмақ.

— Биыл 21,7 млн.гектар алқапқа түрлі дақылдар себілген-тұғын. Бұл алдыңғы жылғы көрсеткіштен 445,1 мың гектарға артық. Егіс алқаптарының дені дәнді-дақылдардың еншісінде — 15,4 млн. гектар. Оның ішінде майлы дақылдар — 2,0 млн. га, бау-бақша өнімдері мен картоп — 426,7 млн.га, — деп атап өтті ҚР Ауыл шаруашылық министрінің бірінші орынбасары Қайрат Айтуғанов.

Вице-министрдің айтуынша, 12,9 мың га қант қызылшасы, 109,6 мың га алқапқа мақта егілген. Бүгінде еліміздің барлық аймағында жаппай егін оруды науқаны жүріп жатыр. Мәселен, 15 қыркүйектегі мәлімет бойынша 9667,1 мың гектардың астығы орылып, соның 14,4 млн. тоннасы бастырылды.

Қостанай, Ақмола және Солтүстік Қазақстан тәрізді еліміздің ірі астықты өңірлерінде 7 млн. гектардан астам бидай орылды. Науқандық жұмыстар қыркүйек айының соңына дейін жалғасуы мүмкін.

Егінді ысырапсыз жинап алу үшін ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне 391,6 мың тонна жанар-жағар май бөлінген.

2016 жылы "ҚазАгро" холдингінің несие ресурстары арқылы 6,8 млн. гектар алқапта көктемгі егіс және жинау жұмыстары жүргізілді. Бұл үстіміздегі жылы республика бойынша өңделген барлық алқаптың жартысына тең. Шаруаларға бюджеттік несие есебінен және "ҚазАгро" ұлттық холдингі арқылы 60 млрд. теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетіледі. Осы уақытқа дейін Холдинг елдегі ауылшаруашылық тауар өндірушілерін 85,4 млрд. теңгеге қаржыландырыпты. Мұның сыртын-



да компания өнімділігі жоғары, қуатты техникаларды лизингке беру тәсілдерін сәтті жүзеге асырған. Былдың өзінде аты аталған бағдарлама шеңберінде фермерлер жалпы құны 31,6 млрд.теңгеге бағаланған 1,7 мыңнан астам техника сатып алды.

Тағы бір маңызды мәселе, ол — астық бағасына қатысты. Яғни, "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ҰК" акционерлік қоғамы өкілдері астықты сатып алу бағаларын жариялаған болатын.

Компанияның коммерциялық ресурстары келесідей бағаларды белгілеп отыр: 3 класты бидайдың бір тоннасы 41 000 теңгеден 50 000 теңге аралығында сатылатын болды, 4 класты бидай 34 000-36 000 теңге көлемінде, ал 5 класты бидай үшін 30 000 теңге ұсынылды. 2 класты арпаның құны 25 000 теңгеге бағаланды.

Осы арада Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы бидайды сатып алудың құнын өнімнің сапасына қарай белгілегенін айта кеткен жөн.

СУРЕТТЕ: ҚР Ауылшаруашылығы министрінің бірінші орынбасары Қайрат Айтуғанов.

● ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕКТЕП

Зор жауапкершілік арқалаған

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ
ПРОКУРАТУРАСЫНА — 80 ЖЫЛ

Қыдырбек
ҚИЫСХАНҰЛЫ

Биыл Қостанай облысы прокуратурасының құрылғанына 80 жыл жыл толып отыр. Қай заманда да Ата заңды алға тарта отырып, ең алдымен ел азаматтарының құқығын қорғап, тыныштығына кепіл болатын органның жауапкершілігі мен міндеті арта бермесе, еш кеміген емес.

Мерейлі күнтізбеге байланысты Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы Бас прокуратуралары басшылығының қатысуымен өңіріміздің прокуратурасы салтанатты шара өткізді. Оған облыс әкімі Архимед Мұхамбетов бастап, өңірдегі түрлі орган басшылары, ардагерлер қатысты. Ал мерекелік құттықтау айта келгендер арасында ҚР Бас прокурорының бірінші орынбасары Иоган Меркель мен РФ Бас прокурорының бірінші орынбасары Александр Буксман бар.

И.Меркель өңіріміздегі прокуратураның құрылуы оңай болған жоқ деді. Тіпті, алғашқы прокурор қызметін атқарған А.Харитоновтың өзі саяси қуғын-сүргінге ұшыраған екен. Ал соғыс жылдарында жеке құрамның жартысынан көбі қызметін майдан даласына ауыстырыпты. Бейбіт заманда аймақта тәртіп орнатып, қылмыспен күресті. Облысымызда кәсіби прокуратура мектебі дәл сол қиын-қыстау кезде басталды деді ол.

РФ Бас прокурорының бірінші орынбасары болса біздің



өңірімізде еңбек еткен әріптестерінің бірқатарымен жүздесіп, пікір алмасқанын айтты. Сол себепті, өңіріміздің прокуратурасының қызметі жайында үнемі жағымды жаңалық айтылып, жұмысының жоғары бағаланып отыратынын жеткізді.

Еліміздегі "100 нақты қадам" Ұлт жоспарын орындау аясында мемлекеттің тиісті өмір сүру тетіктерін жасау — конституциялық құқыққа кепілдік беру. Бұл мемлекеттік саясаттың алға қойған нақты міндеті.

— Ұлт жоспары бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік органдардың кәсіби аппаратын құру, заң үстемдігін орна-

ту, есеп беретін мемлекетті қалыптастыру шаралары қолға алынып отыр. Прокуратура органдарының қызметкерлері осы міндеттерді орындауға барынша еңбек етуде, — деді облыс әкімі А.Мұхамбетов құттықтау барысында.

Түрлі марапаттар, құттықтаулар, концерттік бағдарламаға ұласқан салтанатты шара "Демократиялық құқықтық мемлекетте прокурорлық қадағалаудың қалыптасуы мен дамуының қолданбалы және ғылыми аспектілері" атты ғылыми-тәжірибелік конференцияға ұласты.

Суретті түсірген
Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

● ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Жалаң ұрандамай, істе көрсету керек

**Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ**

Сыбайлас жемқорлық мәселесі мемлекет пен қоғамның бүкіл саласына қатысты өткір сипат алып, дәл Қостанай облысында бұрынғыдан бетер өзектілене түсіп отыр. Жемқорлық дерті мемлекеттік қызметтегі лауазымды тұлғалардың беделін түсіріп қана қоймай, билік жүйесінің, сонымен қоса бүкіл әлеуметтік жүйенің құлдырауына әкеп соғуымен қауіпті. Облыс әкімі Архимед Мұхамбетовтің төрағалық етуімен осы тақырыптың төңірегінде кеңейтілген жиын өтті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері талданып, оған түрлі саланың басшылары, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері қатысты.

Жемқорлыққа қарсы күрес, "нөлдік шыдамдылық" мәселелері жөнінде Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің басшысы, тәртіптік кеңес төрағасы Берген Беспалинов баяндама жасады.

— Бүгінге дейін облыс аумағында сыбайлас жемқорлыққа қарсы үгіт-насихат пен түсіндіру жұмыстары ретінде 500-дей шара ұйымдастырылған. Жалпы, 2015 жылы 6 қызметкер жұмыстан қуылды. Биыл бұл көрсеткішті азайтуымыз қажет. Былтыр жемқорлыққа байланысты 46 іс сотта қаралса, осы жылы оның саны 13-ке дейін қысқарған. Осы бағыттағы түрлі бастамаларды жандандыру мақсатында мемлекеттік мекемелер мен үкіметтік емес ұйымдар, жастар орталықтары, қоғамдық кеңестерде жиындар, семинар-тренингтер өткізуде. Сонымен қатар, "Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан нысандардағы жұмыс үдерістерін қадағалау үшін рейд ұйымдастырылып келеді. Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу бойынша Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Стратегиясында тұлғаны бала кезінен қазақстандық патриотизм мен сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу туралы айтылған. Осыған орай, жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, оған қарсы тұратын білімді дамыту мақсатында мектептерде "Біз жемқорлыққа қарсымыз" тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізіп тұрамыз, — деді сала басшысы.

— Қоғамға аса қауіпті құбылыспен батыл әрі ымырасыз күрес еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың ең маңызды тетігі, — деді облыс әкімі. — "Мынаны қатырдық, ананы жақсартамыз" деп жалаң ұрандамай, істе көрсету қажет. Жастарға жемқорлық қауіптерін ескерту және алдын алу, жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру — барлығымыздың міндетіміз. Алдымен, жемқорлықтың орасан зор салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу тұрғындардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, олардың өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынуына көмектеседі. Осы тұрғыда "сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет" деген ұғымның мән-мазмұнына бойлау қажет. Дұрыс түсіндіріңіздер. БАҚ-қа жүгініңіздер. Десек те бұл жегі құрттың тамырына балта шауып, түбегейлі жойып жіберу мүмкін болмай тұр. Жазаға тартумен іс бітпейтіні анық. Оны болдырмаудың, алдын-алудың жолын қарастыру керек. Бүкіл халық болып біріксек қана "жегі құртқа" тосқауыл қоямыз.

Тұрғындардың құқықтық сауаты, мәдениет саласындағы жемқорлыққа қарсы күреске байланысты өтіп жатқан шаралар жөнінде облыстық мәдениет басқармасының басшысы Ерлан Қалмақов баяндады. Оның айтуынша, үстіміздегі жылы 1000-нан астам студентпен кездесу ұйымдастырылып, жемқорлықпен күрес мәселелері талқыланды. Сондай-ақ, Л.Толстой



атындағы облыстық кітапханада жемқорлыққа қарсы бағытталған үздік шығарма, өлең байқаулары өткізілді.

Соңғы уақытта парақорлыққа шатылып, қолдарына кісен салынып жатқан мәдениет саласындағы шенділердің теріс тірліктері қоғамдық пікір тудырғаны рас. Бүгінгі жиында облыс әкімі жақында тағайындалған Ерлан Қалмақовқа жемқорлыққа қарсы үгіт-насихат жұмыстарын сапалы жүргізуді тапсырды.

Ал ішкі саясат басқармасының басшысы Мәжит Шүленов қоғам дертіне қарсы күрес жұмыстарының БАҚ-тағы жағдайын бір пысықтады.

— Біздің облыстағы тілшілеріміз жемқорлыққа байланысты 30 брифингке қатысқан. Телеарналар мен баспасөз, радиодан 44 тақырыптық материал дайындалды. Қала, аудандардағы баспасөз беттерінде "Жемқорлыққа қарсы күрес" айдарымен мақалалар үнемі жарық көріп тұрады. Мұның барлығы тұрғындардың жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі білімдерін арттыруға септігін тигізеді, — деді ол.

Облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Гүлнар Әбеннова өз баяндамасында шетелдерден келген қандастарымызға осы жылы 210 мемлекеттік қызмет көрсетілгенін атады. Бұл ретте жемқорлыққа жол бермеу, құжаттарды еш шикіліксіз дайындау басты назарда ұсталатын болады. Азаматтардан келіп түскен өтініштерді қарау кезінде мемлекеттік орган қызметінің сапасын көтеру қажеттілігі де айтылды. Архимед Мұхамбетов басқарма басшысына "Жұмыспен қамту — 2020" бағдарламасы бойынша бөлінген бюджеттік қаражаттың тиімді пайдаланылуын қадағалауды жүктеді.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Хайбар Қамбаровтың баяндауынша, ол басқаратын салада да сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөнінде жиындар өтіп тұрады. Тоқсан сайын тұрғындармен кездесулер өткізіледі. Ал өңір басшысы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту бойынша білікті мамандарды тарту керектігін тапсырды.

Жиын соңында Архимед Мұхамбетов жемқорлық сипаттағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алып, жол бермеу бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстарды жандандыру үшін әр сала басшысына тапсырмалар берді.

СУРЕТТЕРДЕ: кеңейтілген жиыннан көріністер.

Суреттерді түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Жемқорлыққа жол жоқ

Сыбайлас жемқорлық Қазақстанның қауіпсіздігіне, мемлекет пен қоғамның тұрақтылығына жүйелі қауіпті білдіреді, халықаралық аренада Қазақстан Республикасының беделін түсіріп, жүргізіліп жатқан экономикалық және әлеуметтік реформаларға кедергі келтіреді.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жұмысының басы міндеттерінің бірі болып табылады. Қоғамның сенімін қамтамасыз ету, азаматтардың, мемлекеттің заңды құқықтарын және мүдделерін қорғау, басқарма қызметкерлері жасаған лауазымдық және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды және олардың қызметтік әдепті сақтамау жағдайларын анықтау мақсатында Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасында 54-01-66 нөмірі бойынша сенім телефоны жұмыс істейді.

Сонымен бірге Басқарманың ғимаратында көпшілікке қолжетімді жерлерде шағымдар мен ұсыныстар қабылдауға арналған жөшік қойылып, оны ашу мен ішіндегісін қарауды тұрақты негізде арнайы құрылған комиссия жүргізеді.

Жоғарыда аталған және басқа іс-шаралар сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі жұмысты көшенді түрде бір жүйеге келтіреді. Басқарма әзірлейтін және біртіндеп іске асырылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша және оны алдын алу бойынша жұмыстарының жоспарлары іс-шаралар көшенін жүйеге келтіруді қамтамасыз етеді.

Алайда, сыбайлас жемқорлықпен ойдағыдай күресу үшін маңызды қағидаларының бірі сыбайлас жемқорлық көріністеріне тезбеу-

шілікті мемлекеттік қызметшілер тарапынан да, азаматтар тарапынан да айқын ұғыну болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілердің сатылмайтындығы және олардың қызметінің ашықтығы — сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының табысты болуының негізі. Сыбайлас жемқорлық көріністері үшін алғышарттардың бірі шенеуніктің азаматпен тікелей байланысы болуы да болып табылады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу рәсімі неғұрлым оңай және ашық болса, сыбайлас жемқорлықтың деңгейі де соншалықты төмен болады.

Мемлекеттің Интернет-ресурс арқылы халықпен толыққанды кері байланысын құруға мүмкіндік беретін "электрондық үкіметті" енгізу сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда оң рөл атқарады.

Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру үшін мемлекеттік қызметтер ұсынудың нақты стандарттары енгізілуде, бұл мемлекеттік органдар жұмысының ашықтығы мен айқындығын жақсартуға, қабылданатын шешімдердің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Келешекте басқарма мен ведомстволық бағынысты мекемелердің арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымы нығайтылып, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде оларды электрондық нұсқаға ауыстыру арқылы жеке және заңды тұлғалардың басқарма өкілдерімен байланыстарын жою шаралары қабылданады.

Осы шараларды жүзеге асыру басқарма мен ведомстволық бағынысты мекемелердің жұмыс сапасының деңгейін арттыруға септігін тигізеді, бұл өз кезегінде халықтың мемлекетке деген сенімін одан әрі нығайтуға мүмкіндік береді.

● ТЕРРОРИЗМ — КЕСАПАТ

Терроризм мәселесі талқыланды

2016 жылдың 1 жарты жылдығы бойынша Қостанай гарнизонының әскери прокуроры, әділет полковнигі Д.Г.Ержанов әскери басқару органдары және қылмыстық қудалау органдарымен Ведомствоаралық кеңес өткізді, аталған кеңесте 1-ші жарты жылдың қорытындысы шығарылып, жаңа тапсырмалар қойылды.

Әскери прокурор 2014-2018 жылдарға Бас прокуратураның Стратегиялық жоспарының мақсатты индикаторларының жетілуіне, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде құқық бұзушылықтар профилактикасының 2016-2018 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын тиісті орындалуына, Бас әскери прокуратураның "2016 — армиядағы құқықтық мәдениет жылы" атты жобасын іске асыру жөніндегі жоспарын уақытылы және тиісті орындалуына ерекше назар аударатындығын жеткізді.

Сонымен қатар, әскери объектілерді терроризмге қарсы қорғалу аясындағы жұмысты күшейту және әскери қызметшілердің жауынгерлік даярлықтарын көтеру туралы жұмыстар да назардан тыс қалған жоқ.

Аталған шаралармен бірге, орган басшыларына әскери қызметшілердің жарақаттану санын азайту, олардың опат болуына жол бермеу жөніндегі жұмыстарды жандандыру жайында нұсқаулар берілді. Әр әскерге шақырылушының әскери қызметті өткерумен байланыстырылмаған денсаулығы бойынша әскерден әр қайтарылу жағдайын, лауазымды тұлғаларға нақты шара қолдануды Қостанай облысының Қорғаныс істер бойынша Департаментінің басшысына жүктелді.

Б.АКРЕМЖАНОВА,
Қостанай гарнизоны әскери прокуратурасының
аға прокуроры.

● ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНА

Мұқтаждық өтеледі

Әлібек
ЫБЫРАЙ

Тобыл өңірінде үй кезегінде тұрғандардың қатары әлі күнге азаймай отыр. Сол себепті, баспана мәселесінің маңызы ерекше. Облыс әкімі Архимед Мұхамбетов тұрғын үй құрылысын жыл сайын 10-20 мың шаршы метрге дейін ұлғайту қажеттігін айтады. Бүгінгі таңда облыс бойынша барлығы 23 мың отбасы баспанаға мұқтаж. Тағы 13 мың азамат жер алуға өтініш білдірген. Сондықтан бұл күн тәртібінен түспек емес.

Рас, облыс орталығында тұрғын үй құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Соның арқасында кезекте тұрғандардың саны сәл де болса қысқарған. Мәселен, А.Мирошниченко көшесіндегі тоғыз қабатты тұрғын үй тапсырылып, қостанайлық жетпіс екі отбасы баспаналы болды. Әрине, кезекте тұрғандардың бәрін қысқа мерзімде үймен қамтамасыз ету мүмкін емес. Ол үшін тағы осындай 320 тұрғын үй салу қажет. Қазан айында Чкалов көшесінде де қоныс тоюы тойланады. Бюджет қаржысының есебінен биыл 16 мың шаршы метр үй салудың сәті түсті. Құрылыс қарқынын үдете түсу үшін өзге де мүмкіндіктер қарастырылған.

– 2014 жылғы халыққа арнаған "Нұрлы жол – болашаққа бастар жол" атты Жолдауында мемлекет басшысы қолжетімді баспана құрылысының түрлі тетіктерін қарастыра отырып, қазақстандықтарды сапалы әрі арзан үйлермен қамтамасыз ету жөнінде тапсырмалар жүктегені белгілі. Осыған байланысты



Үкіметте 2020 жылға дейін Өңірлерді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарлама түзіліп, ол 2015 жылдың қаңтарынан бастап жүзеге аса бастады. Игі бастама біздің облыста да тәп-тәуір көрініс тапты. "Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" жүйесі арқылы 108 пәтерлі баспананың құрылысы аяқталды. 2012 жылдан бері бағдарлама аясында құны 6,1 млрд теңгеге бағаланған 13 үй салынды. Яғни, 68 мың шаршы метр немесе 1046 пәтер тапсырылды. Бүгінгі таңда 3 000 салымшының төлем қабілеттілігі расталған, – дейді облыстық құрылыс басқармасының басшысы Валентина Эпова.

Үстіміздегі жылы бас шаһарда "Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі", "Бәйтерек" холдингі мен жергілікті әкімдік тарапынан жасалған үш жақты әріптестік байланыс негізінде тағы бір тоғыз көпқабатты үйдің құрылысы қолға алынды. Ал "Бәйтерек девелопмент" қазақстандық ипотекалық компаниясы жалға берілетін баспаналардың құрылысын жалғастырады. Бекітілген арнайы ережеге сәйкес 2017 жылдан бастап әр пәтердің аумағы 65 шаршы метрден аспауы тиіс. Ал бір шаршы метрінің бағасы 180 мың теңге

көлемінде белгіленді.

– Жыл озған сайын жеке компаниялар құрылыстың ауқымды бөлігін еңсеріп жатыр. Мұндағы мемлекеттің міндеті – тиісті жер телімдерін ұсыну. 2017-ші жылға дейін Қостанай, Рудный және Қостанай ауданының аумақтарындағы құрылыс алаңдары дайын болуға тиіс, – деп атап өтті облыс әкімі Архимед Мұхамбетов.

Мамандардың пікірінше, жерге де сұраныс жоғары. Тек, соңғы сегіз жылдың бедерінде 3600 жер телімі бөлінді.

– Қонай шағын ауданының жобалық-сметалық құжатын әзірлеуге 300 млн. теңге жұмсалады. Инженерлік-коммуникациялық желі тартылған дайын аумақтарды құрылыс компанияларына ұсынған жөн. Әсіресе, коммерциялық негізде үй салатын кәсіпорындарға жағдай жасау керек. Елбасының тапсырмасы бойынша "Нұрлы жер" бағдарламасы әзірленіп жатыр. Мұнда жеке құрылысты дамытудың жолдары да қарастырылған, – деді облыс басшысы.

Осылайша, облыс орталығында жақын арада құрылыс саласына иек артқан кәсіпорындар еселене түспек.

● БІЛІМ

Болашақ педагогтерге арналған ребрендинг

Биыл елімізде алғаш рет төрт жоғары оқу орнының ректорларын таңдаудың конкурстық жүйесі енгізіледі. Оның ішінде Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты да бар.

Ректорларды іріктеу рәсімі ашық түрде өтеді, бұл – ҚР

жас педагогтың күллі кәсіби мансабымен бірге жүзеге асырылуы шарт. Бұған түлектердің жақсы қалыптасқан және тиімді желісі көмектесе алады.

Төртіншіден, оқыту-тәрбиелеу үрдісін күндізгі режимнен виртуалды ортаға

Анықтама:

"Ребрендинг" сөзі ағылшын тілінен "брендті өзгерту" деп аударылады. Алайда бұл процесті ғимараттың алдына ілінген маңдайшаны және логотипті өзгертумен ғана шектелетін процесс деп қарау қате. Бұл – ұйымның барлық бөлімшелеріне ықпал ететін ауқымды және көп деңгейлі процесс. Бұл материалда жас педагогтардың білім беру саласына деген жаңа көзқарастарын қалыптастыру мағынасында қолданылады.

білім және ғылым министрлігі тарапынан жасалған сенімді қадам. Жүйенің артықшылығы сол – бұл конкурсқа көпшіліктің қатысуына мүмкіндік беріледі. Осы мүмкіншілікті мен де пайдаланып көруді жөн таныдым.

Әзірге, білім жүйесін реформалау кезеңінен өттім. Қазіргі уақытта жасалып қойылған үдерісті жаңғырту туралы ойлану керек. Мен ұстанған таяу жылдарда институтты дамыту бағдарламасының негізі нақ осы жаңғырту үрдісінде жатыр. Оның өзі бес бағыттан құралады.

Біріншіден, білім беру мазмұнын жаңарту. Он екі жылдық оқытуға көшу басталып та кетті. Педагогтардың тілдік құзыретін дамыту бойынша Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибелерін қолдану қажет. Біздің облыста шағын кешенді мектептер өте көп. Демек, педагогтарға екі мамандық бойынша диплом алуға мүмкіндік беретін бағдарламаларды енгізуге керек.

Екіншіден, институтты инновациялық қызметке бағдарланған зерттеу орталығы ретінде дамыту қажет. Әлеуметтік мемлекеттік тапсырыс арқылы және республикалық бюджеттен қаржыландырылған зерттеу істеріне машығуға талпыну маңызды. Сондай-ақ, "Мектеп-педагогикалық колледж-педагогикалық институт" ғылыми-әдістемелік кешені жұмысын жаңарту керек.

Үшіншіден, "Мәңгілік Ел" жалпыхалықтық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру міндет. Өзара әрекеттестік

ауыстыру қажет. Сабақ жоспарының әр тақырыбы бойынша сандық білім беретін контент құру керек. Жоғарғы оқу орындарын басқарудың басқа да жүйелері секілді, құжат айналымын да автоматтандыру шарт.

Бесіншіден, институтты барқару жүйесі мен кадрлық әлеуетті дамытуды жетілдіру мақсаты да алға қойылса игі. Қазіргі тұтыныстағы басқару моделі халық-аралық тәжірибемен үйлеспейді және бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау ісін толыққанды жүзеге асыруға қауһарсыз. ЖОО үшін негізгі қаржыландыру көзі студент гранты болып табылады. Демек, экономикалық тиімділік жағына қарай жұмыс істеу керек, жаңа қаржыландыру көздерін табу басты назарға алынуы абзал.

Институт қазіргі даму кезеңінде ребрендингке мұқтаж және айтылған бағдарлама нақ сонымен қамсыздандырады. Әрине, ребрендинг ұзақ мерзімді құжат болып табылады, сондай-ақ әр педагогқа және әрбір студентке бағытталған. Сондықтан да оны талқыға алу үшін кең ауқымды дискуссиялар ұйымдастыру қажет. ХХІ ғасырда алдымыздан көлбеу келер мәселелердің негізгі жауаптарын тек білім беру жүйесінен күте аламыз. Ұсынылып отырған бағдарлама сол сын-тегеуріндерді ескертуге ғана бағдарланбаған, ол тұрақты да баянды дамуға көміл жол салады.

Римма БЕКТҰРҒАНОВА,
Қостанай облысының білім басқармасы басшысының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

● КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК

Нысандардың қолжетімділігін тексерді

Қымбат
ДОСЖАНОВА

"Нұр Отан" партиясы Қостанай облыстық филиалының өкілдері Қарабалық ауданына барып, кейбір әлеуметтік нысандардың қолжетімділігін тексерді.

Мониторинг және бейімделу бойынша комиссияның құрамында партиялықтар, БАҚ өкілдері, басқарма қызметкерлері және мүмкіндігі шектеулі азаматтар бар. Аталмыш топ Михайлов ауылының фельдшерлік-амбулаториялық пунктін, агротехникалық колледжін, "Қазпошта" ғимаратын, "Максим" дүкенін, "Ковчег" сауда орталығы сияқты объектілерді аралап шықты. Рейд барысында бірқатар кемшіліктерді анықтады. ФАП ғимараты, Қазақстан агротехникалық колледжі, "Қазпошта" ғимараттарының қолжетімділігі бұрын тексерілген еді. Сол кезде пандус орнату нормалары мен талаптары бойынша қателіктер анықталған болатын. Кезекті рейд барысында ғимараттың иесімен кемшіліктерді жою туралы келісім жасалды.

"Қазпошта" АҚ бөлімшесі басшысының айтуынша, 1 қазаннан бастап ғимаратқа күрделі жөндеу



жұмыстарын жүргізу жоспарлануда, талаптарға сәйкес қолданыстағы пандусты қайта жөндеу және жаңасын салу қарастырылған.

Ал агротехникалық колледжінің автокөлік тұрағына "Мүгедектер үшін тұрақ" деген белгі орнату, пандус бейімділігін өзгерту, сондай-ақ жуынатын бөлмені де жабдықтау ұсынылды.

СУРЕТТЕ: кезекті рейдке қатысушылар.

● ЭКСПО- 2017

ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕ КӨЗ ТІККЕН

"EXPO-2017" – ел әлеуетін көрсетудің мүмкіндігі



**Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ**

Елдің жүрегі – Астана мәртебемізді биіктетіп, айбынымызды асқақтатып келеді. Алысты жақындатты. Қазақ елін жатқа танытты. Оның бір айқын дәлелі – бүкіләлемдік "EXPO-2017" көрмесі болмақ. EXPO – даму бетбұрысының белесі, миллиондаған туристер тамашалайды, сондықтан әрбір ел өз мәдениетіндегі ұлттық ерекшеліктерін танытатын және экономикалық, технологиялық дамуының деңгейін көрсететін бірегей павильон құруға ұмтылады.

Қазақстан 1997 жылдан бастап Халықаралық көрмелер бюросына мүше. Ал EXPO көрмелеріне 2005 жылдан бастап қатысып келеді. Астанада өтетін EXPO-2017 көрмесінің басты ұраны – "Болашақтың энергиясы". Бүгінде бұл барлық саналы адамзатты толғандырып отырған мәселе. Жерді мекендейтін жеті миллиард адамның күннен-күнге өсіп бара жатқанын, энергетикалық сұранысын қанағаттандыру өзекті проблемаға айналып барады. Мамандардың пікірінше, қазір көмірсутегі шикізатына балама ретінде қолданып отырған биоотын, жел және күн қызуынан алынатын әлемдегі энергия қуатының үлесі әлі де аз. Астана қаласы "EXPO-2017" халықаралық көрмесін өткізу құқығына ие болуына байланысты бұл идеялар елордамызда ерекше екпінмен жанданатын болады.

Қазіргі кезде Есіл ауданындағы жалпы аумағы 173,4 гектар жерде көрме кешенінің құрылысы жүріп жатыр. "EXPO-қалашықта" сауда-саттық, ойын-сауық орталықтары, тұрғын үй кешендері, әлеуметтік-мәдени, білім беру және денсаулық сақтау нысандары, бақтар мен желеуол-

Осыған орай Елордада қосымша 24 қонақүй, 4 жатақхана салынады. Күні бүгін қалада 30 мың мейманхана бөлмелері бар болса, 2017 жылға дейін қосымша 5 мың орын қосу жоспарланған. Өткен жылы құрылыс барысына 296 отандық компания қатыстырылған. Тікелей және жанама

"EXPO-2017 көрмесі – бұл мәні жағынан бүкіләлемдік экономикалық форумдармен, ал туристік тартымдылығы жағынан әлемнің ең кең танымал спорт жарыстарымен теңдес жаһандық ауқымдағы оқиға. Енді олардың қатарына Қазақстан да еніп отыр. Біздің осынау жаңа табысымыз біздің бүкіл әлемде құрметті елге айналғанымызды тағы да көрсетіп беріп отыр. Біз үшін Халықаралық көрмелер бюросына мүше 160 мемлекеттің басым көпшілігі дауыс берді. Іс жүзінде Астананы бүкіл әлем таңдады. Сондықтан EXPO-2017-ні өткізу – бұл, сонымен бір мезгілде, Қазақстанның бүкіл әлем алдындағы орасан зор жауапкершілігі".

ҚР Президенті Н.НАЗАРБАЕВ.

дар салынады. Алып кешеннің дәл ортасында тамшы бейнесіндегі диаметрі 120 метрді құрайтын Қазақстан павильоны орналасады. Сұлулығы көз тартар халықаралық және корпоративтік павильондар оны жан-жағынан қоршап тұрады. Олардың ішінде Ұлттық күн павильоны, Өнер орталығы, Энергия холы, "Өмір энергиясы", "Баршаға арналған энергия" деп аталатын тақырыптық павильондар бар. Құрылыс алаңы көптеген бөліктерден тұрады. Нысандарды құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес жүргізуге ерекше көңіл бөлінуде. Қалаға деген көзқарас оның "табалдырығынан" қалыптасады. Сол себепті қалаға кіреберіс тұста салынып жатқан ғимараттар өзінің қайталанбас сұлулығы мен және бірегейлігімен көздің жауын алып тұруы шарт. Ұйымдастырушылар шеттен 2 жарым миллион қонақ келеді деп отыр.

түрде Астана мен өңірлерде 46 мың жұмыс орны қамтамасыз етілген. Қонақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Шанхай мен Милан қалаларының тәжірибесі қолданылады. Қосымша бейнекамералар орнатылып, ақылды қала жүйесі іске қосылды. Көрме кешеніндегі барлық көлік қою орындары ең жаңа технологияларды пайдаланумен автоматтандырылатын болады. Көрме аумағына кіретін көлік құралдарын сәйкестендірудің сан алуан әдістері қолданылады. Сондай-ақ, WEB-қосымшаның көмегімен көлік қоятын орындардың брондау мүмкіндігі беріледі. Бұл алда атқарылатын шаралар.

"EXPO-2017" халықаралық көрмесінде "Сфера" алаңы сәулет символына айналады деп күтілуде. Ауданы – 5000 шаршы метр. Онда "Қазақстан" павильоны орналасқан. Алып шардың диаметрі – 80 метр, жер асты бөлігі бар сегіз



қабатты ғимараттың жалпы ауданы шамамен 26 мың шаршы метр болады. Құрылыстың сыртқы қабаты әйнекпен қапталады. Алып шардың жоғарғы бөлігінде екі жел генераторы орнатылады. Сфераның ғимаратында музей, сонымен қатар, "Қазақстан-Астана" павильоны орналасады. Құрылыс жөндеу учаскесінің басшысы Арман Көшімбековтің айтуынша, бірінші қабатта тақырыптық маршрут ұйымдастырылады, яки қонақтар бұл бағытпен жүре отырып мемлекеттің даму тарихын көреді немесе өсім жерлері мен мәдени дәстүрлері туралы мәлімет алады.

Көрме әлемді қазақстандықтардың көпұлтты мәдениетімен, көне тарихымен, өнерімен таныстырады. Қазақстанның әлемдік

қоғамдастықтағы танымалдылығы мен тартымдылығын жоғарылатады. Көрме кезінде туристерге мыңға тарта автобус қызмет көрсетеді. Қытай, Литва, Ресей елдері өздерінің мәдени апталықтарын өткізуді жоспарлап отыр. "EXPO-ға" еріктілер де тартылып жатыр. Қазір олардың саны 3 мыңға жеткен.

Иә, сырт елдер Қазақстанды ауызбіршілігі мол, ынтымағы жарасқан ел деп біледі. Осы бірліктің арқасында еліміз дамып келеді. Тұғырлы татулықтың аясында Қазақстан күллі әлем қызыға қарайтын дәулетті мемлекетке айналады.

**СУРЕТТЕРДЕ: құрылыс нысандары
Суреттерді түсірген автор.**



● АЙМАҚ

Тоғыз жолдың торабындағы ауылдың халі қандай?..

Нұрболат
МЕШІТБАЕВ

Ауылды дамыту, өңірді өркендету – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Үкімет алдына қойған басты міндеттерінің бірі. Шындығында, шалғай мекендерді көркейтіп, тұрғындарды жұмыспен қамту бүгінгі күннің ең өзекті мәселесіне айналып отыр.

Қостанай облысы республикада белді де белгілі аграрлы өңір. Мұнда шаруалардың дені осы ауылдық жерде тұрып, кәсіп ашып, егін егіп, мал өсіріп, ауыл халқын тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Бүгінгі "Аймақ" айдарында біз Қарасу ауданы Октябрь селолық округінің қазіргі тыныс-тіршілігі жайында айтпақпыз.

"Өткен күннен белгі бар..."



Октябрь селолық округі 1997 жылы Торғай облысы жабылғанға дейін өз алдына жеке аудан орталығы болған. Сол уақытта облыстағы ең алдыңғы қатарлы аудан ретінде танылып, тіпті, Кеңес заманында да аты дүркіреп тұрды. Егін, мал шаруашылығы қарқынды дамып, құрамындағы ауылдардың әлеуеті біршама артты. Кейін облыс жабылғанға шекарасы жақын Қарасу ауданына қарады. Бұл жайында ауыл әкімі Владимир Андрусенко бізге қысқа-нұсқа баяндап берді. Ауыл аудан орталығы болып тұрған кезінде ол осы жерде қызмет етті.

Тоғыз жолдың торабында тұрған бұл ауылдың қазіргі жағдайы бұрынғыға қарағанда біршама тәуір. Себебі, өзіңіз білесіз, облыс жабылғанда аудан бөліске түсіп, шекарасы жақын Қарасу ауданына қарадық. Дәл сол уақытта, яғни, өткен ғасырдың аяғында тек Октябрь ауылы ғана емес, барлық ауылдың басында қатер болды. Бірақ қазір Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың саликалы саясатының арқасында біз бұл қиыншылық қыспағынан құтылдық деп айта аламыз.

Әрине, өткен күннен белгі бар. Оны жасыра алмаймыз, – деп Владимир Анатольевич кезінде тап болған қиын шақтан әуірімдеп өтіп жатқан бүгінгі ауылдың тынысынан сыр шерте бастады.

"Ауыл жағдайын ауыл тұрғыны түсінеді..."

– Иә, ауылдың жағдайын ауыл тұрғыны түсінеді. Бұл жердің негізгі тұрғындары – байырғы мекен өткен жандар. Кейбірі Жанкелдин, Амантоғай, Наурызым аудандарынан қоныс аударды, – деді ауыл әкімі әңгіме ауанын халыққа аударып.

Расында да, әкім сөзінің жаны бар. Бүгінгі урбанизация қарқын алған заманда ауыл халқының көбі дерлігі ауылға төнген қиыншылыққа төзбей қала маңына көшуде. Өйткені, қалада қайнаған тіршілік. Екі қолға бір күрек табылады. Ал, болашағы күмәнді ауылда оның бірі де жоқ. Міне, осы мәселеге алаңдамайтын ауыл тұрғыны аз шығар, сірә. Әкімнің меңзеген тақырыбы осы.

– Себебі, қаймана ауыл адамының шынайы болмысы осы ауыл сөзімен астарласып жатыр, – деді Влади-



мир Анатольевич, – Мынау байтақ даланы кең жайлап, табиғаттың таза байлығын тұтынып, жаздың ми қайна-тар ыстығы мен қыстың үскірік аязына төтеп берген ауыл адамының еңбегін әрқашанда жоғары бағалауымыз керек.

Әрине, уақыт орнында тұрмайды, заман өтіп, өркениет көші ілгерілеген сайын адамзаттың тұрмыс-тіршілігі, өмір сүру салты да өзгере түсері анық. Бұл тек біздің елдегі ғана емес, баршаға тән жаһандық үрдіс. Бұрын адам-



дар шағын ауылдарда тұрса, біртіндеп биік үйлер салынып, қалалар бой көтерді, яғни, ауылдар қалаға айнала бастады, тұрмыс-тіршілігі жақсарып, өмір сүруге қолайлы жағдайлар жасалды. Міне, Октябрь де, оның жанындағы Железнодорожный да сондай жайтты бастан өткеріп, қала үлгісіне жеткен ауылдардың санатынан көрінді.

Ауылда ауыз су бар



лерде міндетті түрде қамқорлық көмек көрсетілуде.

Сапар барысында біздің бір аңғарғанымыз – орталық көшеге жаңа тас жол төсеудің қамы жүріп жатыр. Ленин ескерткішінің маңында балалар ойнайтын алаңқай ашылмақшы екен болашақта. Бұл да ауылдағы жүргізіп жатқан игі істердің бірі.

Әлеуметтік нысандардан биыл 60 жылдығын атап өткен Октябрь орталық мектебін ерекше атап өтуге болады.

Осыдан төрт жыл бұрын мектепке күрделі жөндеу жүргізіліпті. Мектептегі құрал-жабдықтар да қазіргі заманға лайық әрі аудандағы заманауи білім ошақтарының ең негізгісі. Ауылда "Салтанат" балабақшасы да жұмыс істеп тұр. Оған да сапалы жөндеу жұмысы жүргізілген. Кезінде кәсіпкерлермен бірлесіп жасалған меморандум нәтижесінде 27 млн. теңгеге жуық қаржыға мәдениет үйі қалпына келтірілген. Сондай-ақ, монша, шаштараз, аяқ киім жөндеу сияқты тұрмыстық қызметтер де тұрақты атқарылып отыр.

Бір қуанышты жайт – ауыл ауыз сумен толықтай қамтылған. Бірақ су уақытпен беріледі екен. Бұл турасында ауыл әкімі мен "Суық-Су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны директоры Анатолий Феоктистовтің өз айтары бар.

Осыдан бірнеше жыл бұрын "Ақ бұлақ" бағдарламасымен ауылдағы су құбырлары жаңартыла бастаған. Бірақ қаржы толық жетпей, кейбір құбырлар ескі қалпында қалған. Кейін бюджет қысқарғанда тіпті, берілетін қаражат бұйырмаған. Міне, соның салдарынан су екі мезгілмен берілуде. Үздіксіз су берілсе, құбырлар қысымға шыдамай жарылып кетуі бек мүмкін.

Кәсіп түбі – нәсіп

Октябрь ауылында кәсіпкерлер жетерлік. Олар шағын және орта бизнеспен айналысып, кәсібін өрге шығарып отыр. Бір ауылдың өзінде 21 дүкен, 3 жанар-жағар май құю станциясы, 7 дәмхана, "Кристалл" мейрамханасы, "Ғасыр", "Олимп" қонақ үйлері, 6 техникалық қызмет көрсету станциясы, 2 шағын нан, тоқаш өнімдерін пісіретін орын бар.

– Ауылда мемлекеттік бағдарламалар аясында әсіресе, "Бизнестің жол картасы – 2020" бойынша Қабидолла



Телегенов деген азамат 2,5 млн. теңге жұмсап жылқы өсіруде. Татьяна Кузнецова да 1 млн. теңге несие алып, мал шаруашылығымен айналысуда. "Макс" ЖШС-нің директоры Максим Артемук көлемді қаржы жобасын іске асырып, шағын элеватор салды. "Құлан" бағдарламасымен Гүлнар Тұрғынқызы 25 жылқы алып бағуда, – деді Владимир Андрусенко.

Тағы бір байқағанымыз – ауылда "Көркейе бер, Қостанай" акциясының аясында осыдан он жыл бұрын ашылған Қарамырза мешітінің асханасы бой көтеріпті.

– Ауылдағы мұсылман жамағатының ынтымағы мен бірлігінің арқасында және "Көркейе бер, Қостанай" акциясына үлес қосайық деген ниеттен жаңа асхананы салып бітірдік. Таяуда салтанатты түрде арнайы аштық. Бұған дейін мешітте асхана болмаған. Ауылдағы ағайын ас болсын, халал той болсын барлығын қымбатына жергілікті дәмхана мен мейрамханада өткізетін. Ал, қазір барлығы осы мешіттің асханасында ұйымдастырылуда, – деп ауыл имамы Серік қажы Салих жергілікті мұсылман жамағатының ынтымағы мен ынтымағына ерекше тоқталды.

Жалпы, октябріліктердің жағдайы біршама көш ілгері. Бірақ халықтың көңілі күпті. Оған себеп – ауылдағы ішкі жолдың жағдайы. Сонау 1990 жылдардан бермен қарай әлі жөндеу көрмеген. Тек биыл ғана орталық көшеге тас жол төселмек. Оның өзі қашан бітері белгісіз. Бұл – бір. Екінші мәселе – ауыз су тоқтаусыз берілсе екен дейді.

СУРЕТТЕРДЕ: Ауыл әкімі Владимир Андрусенко; "Суық-Су" МКК директоры Анатолий Феоктистов; 60 жылдық тарихы бар Октябрь орта мектебі; "Салтанат" балабақшасы; ауыл тұрғыны Диана Кәдіржанқызы уақытымен берілетін суға да шүкір дейді; ауылдағы орталық алаң.

● ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДА

Тақырып арқауы – ұлт көсемі

Қуаныш
ЕСҚАБЫЛ

Рудный политехникалық колледжінде Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдығына орай ашық сабақ өтті. Қалалық ерікті мүгедектер қоғамы ұйымдастырған шараның басты мақсаты – Алаштың біртуар азаматы, ірі саяси-қоғам қайраткері, ұлт көсемі, ғұлама ғалым Әлихан Бөкейхановтың өмірі мен атқарған істері, тарихта алар орны жайлы мағлұмат бере отырып, туған халқына адалдығын, патриоттылығын кейінгі ұрпаққа үлгі ету.

Сабақты колледж оқытушысы Салтанат Қасымбаева жүргізді. Ол Алаш арысының балалық шағынан бастап, білім алуы, қоғам қайраткері болып, тұлғалық даму жолындағы өмір деректерін оқушыларға әңгімелеп берді. Қазақ халқының тұңғыш демократиялық "Алаш" партиясы, оның ұйымдастырушысы, көсемі Ә.Бөкейханов екендігі жас жеткіншектерге егжей-тегжейлі баяндалды. Үлкен экраннан көрсетілген ұлт мақтанышы туралы деректі фильмді оқушылар аса қызығушылықпен, ынта-ықыласымен тамашалады. Әлихан жайлы келтірген осы деректер мен ой-пікірлер жастарға үлгі боларлықтай әсер қалдырғаны



сөзсіз.

– Бүгінгі дәріс ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша жүзеге асырылып жатыр. Жобаның аты "Оралмандарды қоғамға кіріктіруге арналған іс-шараларды ұйымдастыру" деп аталады. Жаңа жылға дейін біз тағы да 12 қоғамдық, мәдени және спорттық іс-шараларды ұйымдастырып, қандастарымызға оқу, жұмысқа орналасу мен заң жағынан жан-жақты көмек көрсететін боламыз, – дейді Рудный қалалық ерікті мүгедектер қоғамының жоба кеңесшісі Марат Пірназаров.

Шара барысында оқушыларға сұрақтар қойылып, не түйгендері жайлы сөз қозғалды. Белсенді жастар қол көтеріп, Әлихан аталары туралы өз ойларын жасқанбай ортаға салды. Алаш үшін жүрегің алау еткен ұлы тұлғаның халқына сіңірген еңбегіне, жан-жақты атқарған қыруар істеріне жас жеткіншектердің сүйсінгендігі, кеуделерін мақтаныш кернегені сөздерінен байқалып тұрды. Сабақ соңында оқушылар назарына кітапхана қорындағы Ә.Бөкейхановтың еңбектері және ол туралы зерттеулер жинақталған кітап-журналдар ұсынылды.

Жолдау – тарандықтардың талқысында

Елбасымыздың Қазақстан халқына Жолдауын тұрғындарға кең көлемде түсіндіру мақсатында, Тобыл өңірінде ауыз толтырып айтарлықтай жұмыстардың жүргізіліп жатқаны белгілі. "Қостанай облысы бойынша "ГРИН" азаматтық альянсы" қоғамдық қорының бастамасымен, арнайы түсіндіру тобы құрылып, жер-жерлерде Жолдауды түсіндіру, насихат жұмыстары жүргізіліп жатыр. Мемлекет басшысының "Мәңгілік ел" жалпыұлттық идеясын ұстанған белсенділер Рудный, Лисаков қалалары мен Таран ауданындағы үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық бірлестік өкілдерімен кездесті.

Айтулы топты "ГРИН" ҚҚ төрайымы Динара Өтебаеваның бастап барғанын айта кеткен жөн. Қор жетекшісі Елбасымыздың "100 нақты қадам" Ұлт жоспарын жүзеге асырудағы үкіметтік емес ұйымдардың атқарар рөлін айқындап берді. Ал мемлекеттік қызмет істері департаменті басшысының орынбасары А.Досекенов Елбасы тапсырмаларын орындаудағы азаматтық қоғамдардың іс-әрекетін әңгіме арқауына айналдырды. Сондай-ақ, медициналық сақтандыру, ішкі көші-қон мәселесі де көтерілді. Армян этно-мәдени бірлестігінің жетекшісі Р.Мартirosян Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен қолға алынған "Үлкен мемлекет – үлкен отбасы" жобасының жүзеге асырылуынан хабардар етті.



Жиынға қатысушылар дәл осындай басқосулардың жиі-жиі ұйымдастырылуы тиістігін алға тартты. Үкіметтік емес ұйым өкілдерінің айтуынша, билік, құзырлы орган және азаматтық қоғам белсенділерінің қатысуымен өтетін осы тектес жиындардан көп нәрсені алуға болады. Сондай-ақ, үкіметтік емес ұйым өкілдерінің ортақ идеямен бірлесе іс атқаруына мүмкіндік береді. Билік пен бұқараның ара ағайынына айналған қоғамдық ұйым өкілдері дәл осындай басқосуларды облысымыздың өзге аудандарында да өткізуді жоспарлап отыр.

Ж.ТӨКЕНҰЛЫ.

● ЕҢБЕК ҚОҒАМЫНА – 20 ҚАДАМ



Кәсіпкер жеке дүкенін ашты

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Адал еңбекпен кәсібін дөңгелентіп жүрген жерлестеріміз аз емес. Солардың бірі – Арқалық қаласының тұрғыны Мейрамбек Сәнуарбекұлы. Ол көпбалалы Байзақовтар отбасында он баланың жетіншісі болып дүниеге келген. 2003 жылдан бері жеке кәсіпкерлікпен айналысады.

Орталық базарлардың бірінде жалға орын алып тұратын жас кәсіпкер жақында анасының есімімен аталатын "Роза" атты жеке дүкенін ашты.

– Қала және ауыл тұрғындарының тоқсан пайызы Мейрамбектің бөлімінен киінеді деп айтуға болады. Тауарлары сапалы. Ерлер киімдері қолжетімді бағада. Тұрақты тұтынушыларына

ным.

Өкесі Сәнуарбек ақсақал баласының болашағынан үлкен үміт күтіп: "Осы ұлым совхоздың директоры болады" – дейді екен.

Кәсіпкердің өзі болса: – Бір

"Шағын бизнесті орта деңгейге көшіру перспективасымен дамыту шараларын қабылдау маңызды болмақ. Шағын және орта бизнес жаңа инновациялық кәсіпорындар төңірегінде дамуға тиіс. Үкімет Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, жұмысын жаңа бастаған бизнесмендерге әдістемелік көмектің тиімді тетіктерін жасауы керек".

Н.Ә. НАЗАРБАЕВ, "Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам".

бағасын түсіріп те береді.

Мейрамбек заман ағымына қарай бейімделген азамат. Ұйымдастырушылық қабілеті мол. Жоғары оқу орнын өте жақсы тәмамдады. Мектепте мұғалім болып жүргенде домбыра және қолөнер үйірмелерін ашты. Домбырада өнді жақсы айтады. Кезінде тіпті, мектеп директоры оның кандидатурасын мектептің оқу ісі меңгерушілігіне де ұсынған болатын.

Дүкеннің эскизін де өзі жасады. Бала кезінен ұқыпты, ақылды, адамға көмектескісі келіп тұратын елгезек болды. Үлкен ағасына пәтер сатып өперді. Өзінен кейінгі бауырларына да қаражатпен көмектесіп, қарындастарын жеке кәсіпкер етіп қойды, – дейді туған әпкесі Баян хан

жерде директор болмасам да, осы күнгі жеке кәсіпкерлердің бірімін, – деп жымиып қояды.

Іскер азамат жыл сайын әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыларға көмек қолын созып, қайырымдылық шараларын жасайды. Жүйке аурулар үй интернатына, балалар үйіне киім-кешектер беріп қолғабыс жасаған. Жақында өткен Құрбан айт мейрамында да құрбандық шалып, көпбалалы отбасыларға етін өз қолымен жіліктеп таратып берді.

Біз адамгершілік қасиеттерді жанына серік еткен жерлесіміздің қолға алған істеріне сәттілік тіледік.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: жеке кәсіпкер М.Байзақов.

● КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК

Жеке көмекші қызметінің барын білесіз бе?

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған жеке көмекші қызметінің барын білесіз бе? Күнделікті күйбең тірлікте көріп, естіп жүргенімізбен аса мән бермейтін сияқтымыз. Аталған қызмет туралы жан-жақты ақпарат алу үшін "Қостанай аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету жөніндегі орталық" МКҚК-ның әлеуметтік жұмыс маманы Балапан Нағүрбековамен сұхбаттасқан едік.

– Қостанайда жеке көмекші қызметінің жұмыс істей бастағанына қанша жыл?

– Біздің қызметке биылғы қыркүйек айында 10 жыл толды. Жеке көмекші қызметі туралы қала тұрғындары біледі. Біздің басты мақсатымыз – мүмкіндігі шектеулі азаматтарды белсенді өмірге тарту. Олар өздерін қоғамның мүшесі, пайдалы еңбеккер ретінде сезінулері керек.

Төрт қабырғаға қамалып, мемлекеттен берілетін жәрдемақыны місе тұтып отыруға болмайды. Қызу тірлікке араласып, бойындағы талантты не бір қасиетті дамытып, өзге адамдармен араласу керек. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың "Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ" атты 2014 жылғы 17 қаңтардағы Жолдауында мүмкіндігі шектеулі азаматтарға көбірек көңіл бөлу керектігін ерекше айтты. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуы тиіс. Біздің жасап жатқан жұмысымыз Жолдауда айтылған оймен өзектес.

Қазір бізде 58 жеке көмекші жұмыс істеп жүр. Негізі 60 адам тіркелген. Екеуі бала күтіміне байланысты демалыста. 126 мүгедек жеке көмекші қызметін пайдаланады. Соның 65-і арбаға танылған, 61-інің көзі нашар көреді.

Жеке көмекшілердің еңбегі орасан зор. Олар мүгедектерді баратын жеріне жеткізеді, қажетті құжаттарды жинап, көмектеседі. Күні бойы бірге жүреді. Сол үшін мүгедектер алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдіріп жатады.

Жеке көмекшілер бөлімінің алғашқы басшысы – Зоя Николаевна Балясная. Осы қызметтің дамуына үлес қосып, ұзақ жылдар абыроймен еңбек етті. Қазір құрметті зейнеткерлікке шыққан. Көптеген әріптестері ризашылықпен еске алып, айтып отырады. Қостанай аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету жөніндегі орталықтың басшысы – Зиягүл Кузьминова.

Мен аталған орталықта әлеуметтік маман болып, екінші жыл істеп жатырмын. Жеке көмекшілер қызметін үйлестіремін. Жеке көмекшілердің бірі демалысқа шықса, өнді бірі ауырып қалатын кездер болады. Сондай сәттерде мүгедектерді назардан тыс қалдырмауға тырысамын.

Жеке көмекшілер қызметінің анықтама-сын бір сөзбен немесе бір сөйлемге сыйғызып айту мүмкін емес. Мүгедектер жеке көмекшілер арқылы қаланың өмірімен танысып, әлемде не болып жатқанынан ха-

бардар болады.

– Жеке көмекші қызметін кімдер пайдалана алады?

Ғабит СӘДУАҚАСОВ, жеке көмекші:

– 2013 жылдан бері жеке көмекші болып жұмыс істеймін. Жұмыс қиын емес, үйреніп қалдым. Таңертең сегізден кешкі алтыға дейін жұмыстамын. Кейде жиналыстар болып қалса, сағат алтыдан көшігіміз. Жалақысы бұрынғыдан жақсы. Сенбі, жексенбі күндері демалыс. Әркімнің ішкі түйсігіне, рухына байланысты ғой. Мен өз таңдауыма өкінбеймін.

Дүйсенғали ОСПАНОВ, "Үміт-Надежда" ҚБ төрағасы:

– Жеке көмекші жұмысының қажеттілігін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Біздің арамызда спортпен, бимен айналысатын, оқитын мүгедектер көп. Сондай жағдайда жеке көмекшілердің көмегі ауадай қажет. Қостанай қаласындағы жеке көмекшілер қызметіне жұмысшыларды алудың өзі, үлкен еңбек. Кез келген адам мұндай қадамға бара бермейді. Олардың жұмысын бағалау керек. Ұйымдастыру, адамдарды бағыттау сол орталықтың еңбегі. Он жылдың ішінде бір де бір қателік болған жоқ. Біздің алғысымыз шексіз.

Аруна ЖАҚСАҒҰЛОВА, "Үміт-Надежда" ҚБ төрағасының орынбасары:

– Азия елдерінде жеке көмекші қызметі тек Қазақстанда ғана бар. Мінекей, көрдіңіз бе! Күніне қаншама жиналыстарға қатысамыз. Қаншама құжаттарды жинап, тапсырамыз. Сондай қарбалас тірлікке үлгертетін жеке көмекшілер ғой.

– 1 топтағы мүгедектерге, жүріп-тұруы қиын және көру қабілеті төмен адамдарға беріледі. Ең алдымен, өзі емделіп, қаралып жүрген емханаға барып, сондағы дәрігерден МСЭК-қа жолдама алады. Яғни, медициналық-санитарлық экспертизалық комиссия мүгедектіктің қандай топқа жататынын анықтайды және жеке көмекшінің қажеттілігін белгілейді. Егер мүмкіндігі шектеулі азамат "үйде отырмаймын, жұмыс істеймін немесе оқимын", – десе көмекші беріледі. Мұндай қызмет түрін қажетсінбесе, мархабат.

Жеке көмекші қызметі туралы білу үшін Қостанай қаласының кодын теріп 55-61-12 телефон нөміріне хабарласуға болады. Негізінен, бұл қызмет түрі спорт, өнер сияқты әр салада жетістікке жетіп жүрген белсенді азаматтарға арналған.

– Аталмыш саланың қызметкерлері туралы бірер сөз.

– Жеке көмекші болып жұмыс істегісі келетін адамдарды орта немесе жоғары білімді деп бөлмейміз. Әңгімелесу бары-

сында адамның ішкі пейілін, ниетін байқауға болады. Кез келген адамға 1 ай емтихан сияқты сынақ мерзімі беріледі. Сол уақыт ішінде қолынан келе ме, жоқ па өзі байқап көреді. Себебі, бұл жұмысты екінші бірі істей бермейді. Физикалық жағынан еш қиын емес. Моральдық жағынан мықты болуы керек. Мүгедек жандарға мейірім төгіп, төзімді болып, адамгершілікпен қарауы тиіс. Мұндай жұмысты саналы, сабырлы адамдар ғана істей алады. Кейбір жастар бізге келіп, бір айдан соң шыдамай шығып кетеді. Сонымен қатар, он жыл істеп келе жатқан жұмысшыларымыз да бар. Олар-



болады. Олар өмірдің мәнін жақсы түсінеді. Әрқайсысы өмір сүруге құштар.

– Сіз бұл салаға қалай келдіңіз?

– Менің негізгі мамандығым – мұғалім. Француз тілінің маманымын. Уақыт өте француз тілінің қолданыс аясы тарыла түсті. Сөйтіп, біліміміз қажет болмай қалды. Мұғалімдіктен кеткен соң 1-2 жыл үйде бос отырып қалдым. Өзім де II топтағы мүгедекпін. Көзім дұрыс көрмейді. 2012 жылы қазақ соқырлар қоғамында жеті айдай жұмыс істедім. Сол жерде жүргенімде жеке көмекші қызметінің мамандары мені байқап қалса керек. Жұмыстан шығып қалғанымды естіп, мені қазіргі қызмет орныма шақырды.

Соңғы екі жылдың ішінде мүмкіндігі шектеулі азаматтардың саны көбейіп бара жатқанын байқадым. Біздің қызметімізді қазір 126 мүгедек пайдаланады. Былтыр дәл осындай уақытта 96 адам болатын. Көрсеткіштің өсуіне нақты себепті атай алмаймын. Әртүрлі фактор әсер етеді ғой. Бірақ, қазіргі адамдар өз денсаулықтарына көңіл аудармайтын сияқты. Ауырса да жұмыс істеп жүре береді. Әсіресе, көзі ауыратындар сырқаты әбден асқынғанша жүре береді.

Біздің мақсатымыз мүгедектерді қоғамға тарту екенін тағы да қайталаймын. Олардың арасында талантты адамдар көп. Өнерлерін дамытып, шындасын деген ниетпен қолдау білдіреміз. Кез келген адам өзін-өзі жеке тұлға ретінде қалыптастырулары керек. Мүмкіндігі шектеулі азамат спортпен шұғылданып, оқу-білім, өнер-ғылым үйренемін десе, біздің жеке көмекшілеріміз әрқашан дайын.

Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға мемлекет тарапынан қолдау жоғары. Әртүрлі көмектер көрсетіледі. Мүгедектер арбасы тегін беріледі. Көзі көрмейтін зағип жандар мемлекет арқылы компьютер, магнитофон, диктофон алады. Келер жылдан бастап дауыспен басқаруға арналған мобильді телефондар беріледі. Мүмкін, кейбіреулер сол көмектің барын білмейтін шығар. Сіз бен біздің сұхбатты оқып, жеке көмекші қызметі туралы хабардар болады деген ойдамын.

СУРЕТТЕРДЕ: Балапан Нағүрбекова; жеке көмекші Ғ.Сәдуақасов Д.Оспановпен бірге.



дың еңбегі өте құнды. Көмекшілердің дені таныстарынан естіп, бізге келеді. Кейде мүгедектер өздеріне ұнаған адамдарға осы жұмысты ұсынып жатады.

Қостанайлық мүмкіндігі шектеулі азаматтар өте белсенді. Әр салаға араласады. Кейбір жалқау, әлжуаз адамдарға үлгі

● СТАТИСТИКАҒА ЖҮГІНСЕК

Өнеркәсіп өндірісі

2016 жылғы қаңтар-тамызда өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлем индексі 95,9% құрды.

Облыстың өнеркәсібімен 2016 жылғы қаңтар-тамызда қолданыстағы бағаларда 380,1 млрд. теңгеге өнім өндірілді.

Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазуда мыс қойыртпалар (72,4%), бокситтер

(2,2%), асбест (0,8%), теміркенді шемкестар (0,3%) өндіру өсті. Мыс кендерін (59,9%), құрамында алтыны бар кендерін (38,8%), теміркенді қойыртпалар (27,9%)

өндіру көлемі қысқарды.

Өңдеу өнеркәсібінде өткен жылмен салыстырғанда жүк автомобильдері (90,2%), шоколад, шоколад пен қанттан жасалған кондитер өнімдері (56,4%), өңделген сұйық сүт және кілегей (43,6%), ірімшік және сүзбе (31,3%), дәнді дақылдардан және өсімдіктен жасалған ұн (28,3%), жарма (22,2%) көбірек шығарылды.

Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптауда электр энергиясын өндіру 13,6% төмендеді, жылу энергиясын - 7,4%.

Қостанай облысындағы инвестициялық қызмет

2016 жылғы қаңтар-тамыздағы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі, бағалау есебімен 101,6 млрд. теңгені немесе 2015 жылғы қаңтар-тамызға 100,4% құрды.

Лисаков қ.ә. (3,5 есе) және Жітіқара ауданында (42,2%-ға) инвестициялық салымдар көлемінің едәуір өсімі байқалады.

Инвестициялық ресурстардың ең үлкен көлемі Рудный қ.ә. (негізгі капиталға салынған инвестициялар жалпы көлемінен 37,7%) және Қостанай қаласында (19,6%) игерілген.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар көбіне кәсіпорындар, ұйымдар және халықтың меншікті қаражаттары есебінен қаржыландырылады, олардың инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлесі 79,0% құрды.

Инвесторларға өнеркәсіп (негізгі капиталға салынған инвестициялар жалпы көлемінен 51,3%), ауыл, орман және балық шаруашылығы (20,8%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар (12,8%) сияқты салалар тартымды болып табылады.

● ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

Тіл – бірлігіміздің нышаны

Қазақстан Республикасы ПИМ Оқу орталығында Қазақстан халқы тілдер күніне арналған "Тіл – бірлігіміздің нышаны" тақырыбы бойынша жеке және ауыспалы құрамға арналған Тілапталығы басталды. Тілдер күніне арналған іс-шараның ашылуында оқу орталығының бастығы полиция подполковнигі Т.Меңдібаев Оқу орталығының жеке және ауыспалы құрамын алдағы келе жатқан мерекемен құттықтап, мемлекетіміздің тілі – қазақ тілінің қанатын жаюға және оның дамытылуына әр қызметкердің белсенділік танытуы керектігін айтып жеткізді.

Оқу орталығының қызметкерлеріне, арнайы алғашқы оқыту курсына тағылым-дамашыларға және біліктілігін арттыру курсына тыңдаушыларға Тілдер күніне арналған конкурстарға қатысып, өздерінің жан-жақтылығын танытып, жеңімпаз атануларын тіледі.

Тұрақты және ауыспалы құрамға, іс-шараның бағдарламасында "Тіл және достық", тіл сауаттылығы конкурсы, "Саптық тіл" көрсетілімі, "Менің елім, – Қазақстан" тақырыбы бойынша көрме ұйымдастырылды, 22 қыркүйек күні Қазақстан халқы тілдер күніне арналған "Тіл –



бірлігіміздің нышаны" тақырыбына салтанатты іс-шара және мерекелік концерт ұйымдастырылып, барлық өткізілетін конкурстардың нәтижесі қорытындыланып, жеңімпаздар марапатталатын болады.

Г.ДОСТОЯРОВА,
Мемлекеттік тіл және ақпарат тобының инспекторы.



Ой-сана байқауы

Қуаныш
ЕСҚАБЫЛ

Рудныйда "Ой-сана" орыс тілі білгірлерінің қалалық байқауы өтті. Басты мақсат – қазақ тілінде оқитын жастардың арасында орыс тілін оқуға деген құлшынысын арттыру, риторикалық дағдыларын дамыту, сөйлеу мәдениетінің деңгейін көтеру, орыс тілін еркін меңгерген дарынды жастарды насихаттау және оларға қолдау көрсету.

Шараның ашылу салтанатында сөз алған қалалық тілдерді оқыту орталығының жетекшісі Жанна Жаңбыршина Елбасы ұсынған "үш тұғырлы тіл" идеясының маңызына тоқталып, осы байқаудың сол идеяны дамытуға елеулі үлес қосып жатқанын атап өтті. Барша жиналған қауымды ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығымен құттықтап, қаты-

сушыларға сәттілік тіледі.

Байқаудың алғашқы кезеңінде жастар білім, ғылым, мәдениет пен ұлтаралық қатынастар тақырыбында өз ойларын ауызша ортаға салып, елдегі болып жатқан қоғамдық-саяси өзгерістерден қаншалықты хабардар екендіктерін көрсетті. Диалог кезеңінде қатысушылар екеуара әңгіме-дүкен құрса, "Шабыт" кезеңінде жастардың шығармашылық қабілеттері сыналды.

Жарыс қорытындысы бойынша Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжінің "Шет тілі" мамандығының оқушысы Раузат Төлеу жеңімпаз атанды. Енді ол кеншілер қаласының намысын байқаудың облыстық кезеңінде қорғайтын болады. Тілдер мерекесі қарсаңында өткен байқаудың барлық қатысушылары алғыс хаттармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

"Мемлекеттік тіл – менің тілім"

"Социум және мен" қоғамдық бірлестігі және «Тілдарын» клубының шығармашылық жастары Заречный орта мектебінің жоғарғы сынып оқушыларымен акция өткізді. Мемлекеттік тілді насихаттауға бағытталған «Мемлекеттік тіл – менің тілім» әлеуметтік жобасын жастар жағы жақсы қабылдады.

Облыстық тілдерді дамыту басқармасының бастамасымен 2011 жылы ашылған "Тілдарын" жастар клубының құрамында республикалық және облыстық байқауларының жеңімпаздары, қазақ тілінде еркін сөйлейтін өзге ұлт өкілдерінің талантты жастары тоғысқан. Осы клубтың

негізгі мақсаты – мемлекеттік тіл саясатын кеңінен насихаттау, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту. "Тілдарын" клубы 3 жылдың ішінде мемлекеттік тілді насихаттауға бағытталған көптеген іс-шаралар өткізді.

"Тілдарын" жастар клубының мүшелері Индира Иванова, Ольга Тихова, Александра Кашелюк қазақ тілінде акцияны жүргізіп, Заречный оқушыларымен кездесу барысында қызықты ойындар, викториналар, музыкалық сайыстар өткізді. Оқушылар ойындарға белсене қатысып отырды. Барлық қатысушыларға қазақ-

орыс тіліндегі сөздіктер, оқулықтар таратылды. Осы тектес іс-шаралардың мемлекеттік тілді әрі қарай тереңдетіп оқуға жақсы ынта берері анық. Оқушылар, мектеп мұғалімдері акция ұйымдастырушыларына өз ризашылығын білдірді.

Мемлекеттік тілді насихаттауға бағытталған "Мемлекеттік тіл – менің тілім" әлеуметтік жобасы Мичурин, Қазақстан, Затобол ауылдық округтерінде өткізу жоспарланған.

А.ЕСЕТАЕВА,
Қостанай аудандық тілдерді оқыту орталығының әдіскері.

"Тіл – татулық тірегі"

Е.Өмірзақов атындағы облыстық филармонияда өзге ұлт өкілдері арасында "Тіл – татулық тірегі" атты мемлекеттік тіл байқауы өтті. Облыстық деңгейдегі дәстүрлі шараны Тілдерді дамыту басқармасы ұйымдастырған.

Байқауға 18-30 жас аралығындағы жастар, оның ішінде мемлекеттік қызметкерлер және этномәдени ұйымдардың жас өкілдері қатысты. Үздіктен үміткерлер саны 11 адамды құрады. Әрқайсысы мейлінше даярлықпен келген. Біліктіліктері мен өнерлерін қазылар алқасы алдында паш етті. Байқау үш кезеңнен тұрды. Алғашқы айналымда әр қатысушы өздерін әуелі қазақ тілінде, кейін өзінің ұлттық тілінде таныстыруы керек. Бұл сында ешбірі сүрінген жоқ. Екінші кезеңде білім деңгейлері бақыланды. Нақтысында, олар қазақ тілі мен әдебиетінен қойылған сұрақтарға мүдірмей жауап беруі шарт, сондай-ақ мақал-мәтелдің жасырын бөлігін табулары қажет. Жалпылай алғанда, бұл бөлім де күтілген дәрежеде өтті. Соңғы айналымда олар өз өнерлерін ортаға салды. Бірі мемлекеттік тілде әуелетіп ән салса, бірі Абайдың, Мұқағалидың, тіпті өздерінің шығарып өкелген өлеңдерін екпіндете оқып берді. Тігіншілік қырын танытып, мың бұрала билегендер де көрерменнің қошеметіне бөленіп жатты.

Жеңімпаз айқындалар кез келді. Жанкүйер-



лер тақымдарын қыса түсті. Марапаттау салтанатын жүргізуге ортаға Тілдерді дамыту басқармасының басшысы Жанболат Үмбетов шақырылды. Ол осынау дәстүрлі шараның жылдан-жылға дамып, сапаның арта түскенін, қатысушылардың қатары артып, құрамы өзгергені соның бір мысалы екенін тілге тиек етті. Сонымен, 1-орынды Қостанайдағы №2 емхананың дәрігері, неміс ұлтының өкілі Кристина Линк жеңіп алды. 2-орынға Кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының туризм бөлімі маманы Дарья Лукьянова лайықты деп танылды. "Асаба" қырғыз қауымдастығының жас өкілі Бегайым Азизбекқызына үшінші орын бұйырды. Жеңімпаздар мадақтама қағазымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Ж.БАЛҒЫНБЕКҰЛЫ.

● БҰҒАН ЕНДІ НЕ ДЕЙСІЗ?

Мекемелерде тіл мәселесі әлі кемшін

Таяуда шаруа қамымен Қостанай селолық әкімдігіндегі сәулет және құрылыс бөліміне бардым. Төрде отырған жігіт ағасына келген жәйімді баяндадым.

– Сіздің шаруаңызды шешетін қыз қазір келеді, шығып кетіп еді, – деген соң, кіре берісте сөйлесіп отырған бір-екі қазақ қызы болар деп қастарына барып едім:

– Қандай мәселе? – деді толықтау біреуі орысша.

– Келген тұрғындарды осы жерде қабылдайтын ба едіңіз? – деп мен шамырқанған соң орнынан әзер көтеріліп кабинетке беттеді. Басынан бастап айта бергенімде:

– Мен есепшімін, бұл мәселе менің құзырыма кірмейді, халыққа қызмет көрсету орталығына барыңыз, – деді орыс тілінде.

Келген шаруамның шешілмегеніне емес, мемлекеттік мекемеде отырған жауапты қызметкердің бұл қылықтары ерсі көрінген соң дауысымды көтеріп біраз нәрсе айттым: мемлекеттік тілді мемлекеттік қызметкер ұстанбаса, алдына қазақ тілінде өтінішпен келген адамның талабын тікелей орындай алмаса, бұл не болғаны? Шомбал қара келіншек үндеместен алдындағы парақтарын ақтарып отыра берді, ал есігі ашық тұрған кабинеттегі бөлім басшысы Гүлнар Төленова өз қызметкерінің төртібін көре тұрып, дәл иегінің астында шығып жатқан шаң-шұңға айылын да жиған жоқ.

Аудандық халыққа қызмет көрсету орталығында да мемлекеттік тілдің жағдайы мәз емес екен. Ақпараттық-кеңес залындағы қызметкер Әлия Әбілева да менің қазақ тілінде берген сауалыма орыс тілінде жауап қайтарды. "Неге мемлекеттік тілде жауап бермейсің?" дегеніме де үндемеді. Қызмет көрсету залындағы операторлардың бәрі қазақ болғанымен тілден біразы мақұрым. Ал, екінші қабаттағы "Жылжымайтын мүлік орталығы департаментінің" аудандық бөлімшесіндегі азаматтар барлық мәселемді шешіп, қазақ тілінде тұщымды жауаптарын алғанымға көңілім марқайғанымен, халықпен тікелей жұмыс жасайтын алдыңғы екі мекемедегі мемлекеттік тіліміздің мүшкілдігіне жүрегім ауырды.

Рәзия БИКЕНОВА.

Қостанай ауданы.



● ЕҢБЕК АДАМЫ

ҒАЖАП ҒҰМЫР

"Бақыт сол:
өз-өзіңді қайрап жүріп,
Соңында көштің қалмай,
өрге шықсаң".
Ғұмар АХМЕТЧИН.

МАБИФАТТЫҢ әсем көрінісіне, бойжеткеннің сұлу көркіне, әдемі киімге я болмаса өзге де көз тартар жан иесіне, зат немесе құбылысқа қызыға қарап, алған әсерімізбен бөлісіп жатамыз. Ал, сұлу ғұмырға ғашық болып көрдіңіз бе?

Қанша жасқа келсе де, рухани сұлулықты серік еткен жандарға қалайша сүйсінбессің, құрмет тұтпассың! Сөз арнағалы отырған кейіпкеріміз туралы алғаш естігенде, елең етіп, тілдесіп көруге асықтым. Жасы сексеннің сегізінше келсе де, кісі қызығарлықтай тірлік жасап, газет оқып, теледидар қарайтын, күнделік жазатын Меңсұлу апаны маған сырттай таныстырған қызы Әлия, менің әріптесім болатын. Күнделік демекші, ұзақ жылдар бойғы жазбаларының негізінде кейіпкеріміз "Өмір белестері" атты кітап құрастырып, шығартқан екен. Бексейітовтер әулеті үшін асыл мұра, құнды жәдігер іспеттес осынау еңбектің алғашқы беті мынадай сөздермен басталыпты: "Өмір дегеніміз ол — еңбек, жақсылық, мехнат, қуаныш бәрі-бәрі. Өмірге адам жылап келеді, туған-туыс қуанышпен қарсы алады. Өмірден өткенде де жыласып, қайғырып қоштасады. Өмір дегеніміз — ол секунд, минут, сағат, күн, апта, ай, жыл... Міне, осының бәрі өтіп жатыр. Өмір деген алдайды, жарқырайды. Белгісіз, баянды, баянсыз, тоқтаусыз өмір..." Жалған тірлік жайлы осылайша толғанған кейіпкеріміз ес білгеннен-ақ қанша қиыншылық болса да, өмірді барынша мәнді, мағыналы өткізуге бел буған секілді. Кітапты оқи отырып, осылайша ой түйдім. Жә, бұл жайында сәл кейінірек...

Тәңірім қай нәрсенің де ретін өзі келтіреді деген осы да, көруге құмартқан кісім көп ұзамай колледжімізге келді. Халық ақыны Әсия Беркенованың 65 жылдығына орай қала әкімдігі кездесу жоспарлап, ол акт залында өткізілетін болды. Айтыскер ақынмен жүздесуге жұрт біршама жинала берген тұста, ішке қолында әдемі шоқ гүлі бар, аппақ болып киінген сүйкімді әйел кіріп келе жатты. Қасындағы кеншілер қаласы тұрғындарына етене таныс, елге сыйлы азамат Бексейіт Сейітқазыұлына (бүгінде ол — ардагерлер кеңесінің төрағасы — **авт.ж**) қарап, анасы екенін түсіндік.

Жақсылыққа, жағымды жаңалыққа жаны құмар кейуана алдыңғы қатардан орын алып, басқосу басталысымен бар назарын сахнаға салып отырғанын аңғардық. Ақын сөзін қалт жібермей тыңдап отырған ол оңтайлы бір сәтте орнынан көтеріліп, сахнаға беттеді. Әсияның маңдайынан иіскеп, қолындағы хош иісті гүлін ұсынды да:

— Айналайын қызым, айтыс өнері дүлдүлдерінің бірі ретінде Қостанай өңірінің мерейін асырдың. Саған Алланың нұры жаусын! Біз сенімен мақтанамыз. Аман-есен жарқырап жүре бергейсің! — деп, ақ батасын берді.

Көпті көрген көне көздің жүрекжарды лебізі ақын қызға арнайы жайылған ақ дастарқан басында да жалғасып, сөз ара-



сында қазіргі жас айтыскерлерге қатысты өз ой-пікірін де іркіп қалмады. Осылайша жақсы адамдардың жанында жанымыз жадырап, көңіліміз марқайып тарқасқанмен, дйттеген кісіммен кейін оңаша да тағы бір мәрте жолықсам деген ойда қалдым.

Көзі ашық, көкірек көзі ояу, сүйкімді қалпын сақтаған, жадына қылау түспеген, рухани байлықты ту етіп, белсенді өмір салтын ұстанған кейуананы өзгелерге өнеге етпекке бел буған мені Әлия әріптесім үйіне ертіп апарды. Біз ішке кіргенде, апамыз төргі бөлмеде айтысты тамашалап отыр екен. Қызының жалғыз келмегенін көріп, орнынан тұрып, асүйге беттеді.

Үстел басында Әлия Сейітқазықызы анасының әрдайым тамақ пісіріп, күтіп отыратынын айтып қалды. Иә, осындай анасы бар адамда арман бар ма екен дейсің ғой пендешілікпен. Әрине, арман көп, ал соның бірі күнде жүзеге асып жатса, ол да үлкен демеу. Демеу демекші, биылғы ораза айт қарсаңында, шілденің бірінде, ұжым болып алғашқы демалыс күнін әсем табиғат аясында өткізбекке турбазаға келдік. Осы жерде Меңсұлу апаның тосын сыйына куә болдық. Жә, бұл турасында сәл кейін, алдымен апамыздың шаңырағында туындаған, көңілге түйген кейбір ойларымымен бөлісейін.

Кейуананың "Өмір белестері" кітабын парақтай отырып, оның әсіресе отбасы құндылықтары мен адал еңбектің маңызына ерекше көңіл бөлгенін аңғардық. Анамыз сегіз құрсақ көтеріп, олардың бәсеуі нәресте кезінде шетінеп кеткен екен. Әрқайсысының атын, туған жылын, айы мен күнін, қалай қайтыс болғанына дейін жазыпты. Балалық шағы бал дәурен деуге келмейтін, нағашылары қолында өсіп, тыл жұмысына жегілген қаршадай қыздың бой жетіп, өз отбасын құрып, енді-енді тұрмысы түзеле бастаған тұста дүние есігін ашқан сәбилерінің бірінен соң бірінің шетіней беруі жас анаға оңай соқпағаны анық. Әйтсе де, өзін-өзі қайрай жүріп, алға ұмтылуды мақсат тұтты. Өмірде адалдық, тазалық, кішілік пен кісілікті ту етті. Үлкендер арасында "ерекше келін" атанып, қатарластары оны ақкөңіл, ақжүрек адам ретінде бағалады. Бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлді. Бүгінде аман-есен жер басып жүрген Сәлімгерей, Сейіткерей, Әлияға берген тәлімінен бір үзік: "Бірде балаларымды сынамақшы болып, "Сендер көп ақшаға тап болсаңдар, не істер едіңдер?" — деп сұрадым. Сонан соң: "Көп ақшаға

қызықпаңдар, ол жақсылыққа жеткізбейді" деп өзім жауап бердім". Тағы бірде әскерде болсын, өзге жерде болсын сатқындық жасаудың барып тұрған азғындық екенін, опасыздық жасаған баласын Тарас Бульба өз қолымен өлтіріп тастағанын айтып берген.

Меңсұлу апа отағасын жиі-жиі еске алып, оған талай мәрте өлең де арнаған екен. Жарты ғасыр бірге ғұмыр кешкен ерлі-зайыпты жандардың өзара сыйластығын, бір-біріне деген жанашырлығын сөзбен айтып жеткізу оңай емес. Кітап беттерінен "Сұлтанғазым" деген сөзді жиі ұшыратасың. Сол Сұлтанғазысы Меңсұлу апамыз демікпемен сырқаттанып, ауруханаға түсіп қалғанда, оны қалай обектеп, күніне үш рет ыстық сүт әкеліп тұрғанын, палатадағы әйелдердің бұған таңғалыс білдіргенін жазған тұсын тебіренбей оқу мүмкін емес. Қиын-қыстау 90-ыншы жылдары дүкенде сүт, майдың қат кезі, қала дүкендерін аралап тапқан сүтті пісіріп, ыстық күйінде жеткізіп тұру жұмыс адамына оңай шаруа емес. Ыстық сүт сәл де болса демікпені, жөтелді басатын болу керек. Осы және өзге де қимас сәттер кейіпкеріміздің әлі күнге көз алдында.

"Ақылды қария — ағып жатқан дария" демекші, сондай-ақ ол кеншілер қаласы, облыс тарихында өзіндік із қалдырған ер азаматына арнап естелік жазып, еске алу рәсімін өткізгені жайында да хабардармыз. Сейітқазы Бексейітұлының екінші дүниежүзілік соғыста, бейбіт еңбек жолында ие болған орден, медальдары, қимас құжаттары отбасы мүшелері үшін қаншалықты құнды жәдігер болса да, кейуананың ұйғаруымен қаладағы өлкетану музейіне табысталыпты. Көпшіліктің көз алдында болсын, қазіргі және кейінгі ұрпақтар біліп жүрсін, өнеге тұтсын деген ізгі ниет қой, баяғы.

Кейіпкеріміз өмірінің қай кезеңін алсақ та, өкінетіндей, өзгелер алдында жүзін төмен салатындай тұсы болмағанын аңғардық. Әулетінің алтын діңгегі бола жүріп, Меңсұлу апамыз жүрек қалауымен келген сауда саласында жемісті еңбек етті. Тұлымшағы желбіреген он үш жасар балауса қыз соғыс кезінде үлкендермен бірге кез келген ауыр жұмысты орындап, біршама шыныққандығынан болар, мандығы бойынша кіріскен ісінде де аянып қалмады, бар білім, білігін сарқа жұмсады. Сатушылық қызметте жоспарды әрдайым артығымен орындап, ұжым, ел ықыласына бөленді. Омырауына Еңбек Қызыл Ту, Құрмет белгісі ордендерін та-

ғып, медальдармен, мақтау грамоталарымен марапатталды.

...Жә, енді жоғарыда сәл кейін ораламыз деген сөз ауанына аз-кем ауысайық.

Сол күні табиғат тосын мінез көрсетті. Кенеттен сытырлай жауған жауын кілт тоқтап, көк аспанды торлаған қалың бұлт заматта сейіледі де, жарқырай шыға келген күн көзінен қоршаған әсем көрініс одан сайын ажарлана түседі. "О, жақсы болды ғой! Енді жаумайтын шығар..." — дейсің бе, қара бұлт қайтадан қоюланып, оның ізінше жаңбыр нөсерлетіп құя салады... Осы бір табиғат құбылысы әлденеше мәрте қайталанып, қашан қас қарайғанша бір тыйылған жоқ. Бірақ бұл — демалушылардың көңіл-күйіне еш әсер етпеді. Ән салып, би билеп, арагидік кәсіподақ комитеті әзірлеген сценарий бойынша ойын ойнап, арасында Тобыл өзеніне шомылып, сауық-сайран құрған мұғалімдердің төбесі көкке екі елі жетпей тұрды.

Ал, дастарқан басындағы алғашқы отырыс та күтпеген дәмнен ауыз тиюден басталды. Қызы Әлияның айтуынша, мұғалімдер табиғат аясына шығатынын естіген анасы қасиетті ораза айт қарсаңында демалушылар үшін арнайы жеті шелпек пісіріп, түрлі ұлт өкілдерінен құралған ұжым мүшелері бас қосатын дастарқанға қоюын өтініпті. Сөйтіп, күні бұрын мерекелік дәмнен ауыз тиген педагогтер үлкен кісінің ықыласына, сезімталдығына ризашылығын білдіріп, алғыс жаудырып жатты.

Иә, өзі қатарлас жандардан болмыс-бітімі өзгереді Меңсұлу апа — бақытты әйел. Ұлы педагог В.А. Сухомлинский: "Рухани сұлу адамдар — нағыз бақытты адамдар", — деген екен. Шынында да, сұлу ғұмыр кешу, жақсы қартай білу — "адам" деген ардақты атқа өмір бойы адал болудың бірегей көрінісі. Жұрттың бәрі бірдей қол жеткізе бермейтін адами бақытты ұзақ жылдар бойы ұстап тұру үшін де ақыл-парасат, қажыр-қайрат, кең пейіл қажет-ақ. Осы және өзге де асыл қасиеттер өз бойынан табылатын Меңсұлу апаны көпшілік назардан тыс қалдырмайды. Қала әкімдігі мерекелермен құттықтап, сый-сияпатын жасап тұрады. Қаладағы әсем кеншілер сарайына, өзге де жерлерге шақырғанда, бармаған кезі болмапты. Көңілге қуаныш сыйлайтын мұндай айтулы сәттер мектеп оқушылары тарапынан да жасалатынын айта кетсек, артық болмас. Айталық, жазғы демалысқа шықпас бұрын, №7 орта мектептің бір топ оқушысы әжелерінің үйіне келіп, өлең оқып, ән салып, бөлме жинап дегендей, үлкен қам-қорлық көрсетуі Меңсұлу Тәшетқызының қаладағы құрметті, беделді жандардың бірі екенін аңғартса керек.

Елбасы Н.Назарбаев айтқандай, қазақстандықтардың өмір сүру жасының ұзақтығы — халқымыздың әл-ауқаты артуының айқын бір көрсеткіші. Ұлы Дала Елінің қай азаматы болсын, өз мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, қоғамымыздың толыққанды мүшесі ретінде өзі, отбасы, елі үшін пайдалы әрекет жасай беруге ынталы болса, Мәңгілік Еліміздің қуаты, әлеуеті артып, еңсесі биіктей түсері хақ. Сөз орайы кеп тұрғанда айта кетелік, Меңсұлу апамыз кітабының 69-бетінде былай деп жазыпты: "1992 жылы Елбасымыз Н.Назарбаев Меккеге барғанда, Жаратушы иемізден еліміздің тыныштығын, халқымыздың амандығын тілепті...Аллаға шүкір, өз тәуелсіздігімізді алдық, БҰҰ-ға мүше болдық. Әлемге таныла бастадық". Отбасы, ошақ қасының күйбең тіршілігімен шектеліп қалмай, ел, әлем жаңалықтарына әрдайым құлақ түріп жүретін, белсенді өмір салтын ұстанатын ұлағатты жандарды өнеге етпек керек. Шынында да, тағылымынан нәр алатын, үлгі тұтатын қарияларымыздың қашанда орны бөлек. Олай болса, Меңсұлу апамыздай арқа тұтар аға толқын өкілдеріне қашанда көңілдеріңіз марқайып, арамызда аман-есен жүре бергейсіздер деп тілейік.

Пиалаш СҮЙІНКИНА, педагог.

"Қостанай облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" РММ-де жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Лауазымды тұлғаның ТАӘ	Қызметі	Азаматтарды қабылдау күндері мен уақыты
Жұмабаев Дәуіт Бөкенұлы	Инспекция басшысы	Сейсенбі, бейсенбі сағат 10-нан 12-ге дейін
Молдағұлов Хилимхан Айтқұлұлы	Инспекция басшысының орынбасары	Сәрсенбі, жұма сағат 10-нан 12-ге дейін
Сәрсенов Нұрқан Ақпарұлы	Инспекция басшысының орынбасары	Сәрсенбі, жұма сағат 10-нан 12-ге дейін

Азаматтарды қабылдау мына мекенжай бойынша өтеді: Қостанай қаласы, Гагарин көшесі, 85 А.
Байланыс телефоны 54-30-60.
"Қостанай облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" РММ-нің сенім телефоны 8 (7142) 54-30-60

График приема физических и представителей юридических лиц РГУ "Костанайская областная территориальная инспекция лесного хозяйства и животного мира"

ФИО должностного лица	Должность	Дни и время приема
Джумабаев Даут Бакенович	Руководитель инспекции	вторник, четверг с 10 до 12 час.
Молдагулов Хилимхан Айтқұлович	Заместитель руководителя инспекции	среда, пятница с 10 до 12 час.
Сарсенов Нуркан Ақпарович	Заместитель руководителя инспекции	среда, пятница с 10 до 12 час.

Прием граждан проводится по адресу: г. Костанай ул. Гагарина, 85 А.
Контактный телефон 54-30-60.
Телефон доверия РГУ "Костанайская областная территориальная инспекция лесного хозяйства и животного мира" 8 (7142) 54-30-60

Интерактивті сабақ өткізілді

Ағымдағы жылдың 14 қыркүйегінде Қостанай облысының ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының мамандары Қостанай қаласы политехникалық колледжінде "Судағы өлімнің алдын алу", "Өрт қауіпті кезеңінде өрт қауіпсіздігі шаралары" тақырыптарында интерактивті сабақ ұйымдастырды. Қостанай облысының жоғары оқу орындары мен техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері арасында осындай сабақты онлайн режимінде өткізу бірінші рет тәжірибеге енгізілуде.

Колледждің студенттерімен кездесуге департаменттің өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылау және профилактикалық қызмет басқармасының және төтенше жағдайларды жою бөлімінің қызметкерлері келді.

Бір сағат бойы балаларды судағы сақтандыру іс-шараларымен таныстырды. Су қоймаларындағы өзін-өзі ұстау ережелері және өрт қауіпсіздігі шаралары, төтенше жағдайға тап болғанда өзін дұрыс ұстау ережелері туралы әңгімеленді. Өрттер мен ТЖ есепке алатын статистика жасөспірімдердің төтенше жағдайларға жақын болып келетінін куәландырады. Сондықтан төтенше жағдайларды болдырмау үшін балаларға өзін-өзі қауіпсіз ұстау ережелерін түсінерліктей етіп жеткізу департамент қызметкерлерінің міндеті.

Қостанай облысының 7 жоғары оқу орны мен



20 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 729 студенті интерактивті сабақты онлайн режимінде көрді. Сонымен бірге сабаққа Қостанай политехникалық колледжінің механика-технологиялық бөлімшесі тобының тыңдаушылары қатысты. Сабақтың соңында олардың алған білімдері сұрақ-жауап жүргізу арқылы бекітілді.

Оқыту жүрісін оңтайландыру үшін әр сөйлеушінің слайд материалдары назарларына ұсынылды. Сабақ барысында балаларға 4 оқыту бейнеролигі көрсетілді.

Қостанай облысының ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасы.

Пеш жаққанда абай бол!

Облыста өрттердің көп үлесін жағылатын пеш құрылғысының жарамсыздығы немесе дұрыс пайдаланбау салдары құрайды.

Тек өткен жылы пештердің құрылғысы мен пайдалануы дұрыс болмағандықтан өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу себептері бойынша облыста 120 өрт тіркелді. Ағымдағы жылдың 8 айы ішінде пештерді жағу кезінде, олардың құрылғысы мен пайдалануы дұрыс болмағандықтан өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу салдарынан 96 өрт болды. Оның үстіне, екі жағдайда пештің бөлу құрылғысы өртке қарсы сәйкестігіне сай келмеуіне қатысты – 2 адам қаза болды. Пеш жағу кезеңі басталар алдында өрттерді болдырмау үшін пеш пен түтіндіктің дұрыстығын тексеру (күйені тазарту, жарықтарды бітеп тастау, шатырдың астындағы және жапқыштан жоғары орналасқан түтіндік мұржасын ақтау) керек.

Жылыту маусымының барлық кезеңінде қолжетімді ережелерді орындау қажет:
– пеш жағылатын бөлмеде кішкентай балаларды қараусыз

қалдыруға, балаларға өз бетімен пешті тұтатуға;

– пеш жағу үшін тез жаңғыш және жаңғыш сұйықтықтарды қолдануға болмайды – ол күйкке немесе өрт туындауына әкеліп соғады;

– жағылатын пештің маңына жиһаздарды, перделер мен тез жаңғыш заттарды 0,5 м жақын орналастыруға болмайды;

– қатты аяз кезінде пешті күніне 1 рет ұзақ уақыт жаққанша, күніне 2 рет жаққан дұрыс.
Пеш құрылғысын орнату кезінде қойылатын талаптар:
– балшықты кірпіштен жасалған түтінді мұржалар қабырғасының қалыңдығы 12 см кем болмауы тиіс немесе ыстық ұстайтын бетонды трубаның қалыңдығы 6 см кем болмауы тиіс, көмірмен жағылатын пешке асбест цемент түтіндік, сонымен қатар тот баспайтын болаттан жасалған түтіндікті қолдануға болмайды;

– қабырғалар, жапқыштар, қалқалар арасына жанбайтын материалдармен толтыруды қамтамасыз ету қажет;
– түтіндік арналар мен пеш

бөлшектерінің көлемі 50 см (екі кірпіш) ғимараттың құрылысы жаңғыш материалдарына дейін бірдей қабылдау қажет және қабырғадан 38 см (бір жарым кірпіш) сыланған қабырға қалыңдығы жаңғыш материалдар металды сетка бойынша 2,5 см немесе асбесті картон бойынша металды табақпен қорғаудың қалыңдығы 8 мм кем болмауы тиіс;

– ашық түрдегі шеті (түтіндік арналар (мұржалар) немесе пеш үстінің арақашықтығы қабырғаға дейін) 32 см болуы тиіс, ал жабық түрде 50 см.
– от жағатын жердің едені 70х50 см кем емес көлемінде металды табақпен қамтылуы қажет;

– от жанып жатқан есіктен қарама – қарсы тұрған қабырға арасындағы қашықтық 125 см кем болмауы тиіс.

Көрсетілген өрт қауіпсіздік ережесі мен талаптарды орындау – біздің өміріміздің қауіпсіздік кепілі.

Қостанай облысының ТЖД Өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылау және профилактикалық қызметі басқармасы.

Әріптесіміз Секен Жұмабекұлының отбасына

Қостанай облыстық телекоммуникация дирекциясының басшылығы мен ұжымы Секен Жұмабекұлының қайтыс болуына байланысты қайғыларыңызға ортақтасып, көңіл айтады.

Секен Жұмабекұлы басшылық шеберлігі мен ұйымдастырушылық қасиеттерінің арқасында өзі басқарған ұжымды сүттей ұйытып, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Торғай өңіріндегі байланыс саласының дамуына өз үлесін қосты. Әріптестері арасында абыройлы, беделді болды.

Секен ағаның ортамыздан кеткені – орны толмас қаза. Оның жарқын бейнесі біздің есімізде мәңгі сақталады. Марқұмның жаны жәннәтта, топырағы торқа, иманы жолдас болсын!

Қостанай ОТД ұжымы.



"Хажиев Курганбек Мағумович" ш/қ сенімді тұлғасы кепілдік мүлікті соттан тыс өткізу тәртібімен Сарыкөл ауданы Тимирязев селолық округі аумағында орналасқан кадастрлік нөмірі 12-190-011-476, өлшемі 98,0 га, шаруа қожалығын жүргізуге арналған бөлінетін жер теліміне жер пайдалану құқығын сату жөнінен сауда өткізілетіні туралы хабарлайды.

Сатып алу бағасы қолма-қол ақшамен сауда өткізілген сәттен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі. Сауда 2016 жылы 30 қыркүйекте сағат 10.00-де мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы, Урожайное селосы, "Қуат-Т-1" ЖШС офисі. Өтінімдер жұмыс күндері 2016 жылғы 29 қыркүйек сағ. 18.00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Сарыкөл кенті, Орджоникидзе көш., 23, анықтама үшін тел. 8-714- 51-22-2-00.

Доверенное лицо к/х "Хажиев Курганбек Мағумович" в порядке внесудебной реализации залогового имущества объявляет о проведении торгов по продаже права землепользования делимым земельным участком расположенным на территории Тимирязевского сельского округа, Сарыкольского района, предназначенными для ведения крестьянского хозяйства с кадастровым номером: 12-190-011-476, площадью 98,0 га.

Покупная цена вносится наличными деньгами в течение 5 календарных дней с момента проведения торгов. Торги состоятся 30 сентября 2016 года в 10.00 часов по адресу: с. Тимирязевка, офис ТОО "Қуат-Т-1", Сарыкольского района, Костанайской области. Заявки принимаются в срок до 18.00 часов, 29 сентября 2016 года по месту нахождения доверенного лица: п.Сарыколь, улица Орджоникидзе 23, телефон для справок 8-714-51-22-2-00.

ОҚИҒА

65 млн. теңге қолды болды

Қостанайда құрылыс материалдарын сататын дүкендердің бірінде ақша салынған сейф ұрыларға оңай олжа болды. Қылмыскерлер ірі сомадағы ақша салынған сейф тұрған үй-жайға пластикалық терезе арқылы кірген. Олар жалпы көлемі 65 млн.теңге болатын түрлі валютадағы қаражатты қолды етті. Бұл туралы облыстың ІІД баспасөз қызметі хабарлады.

"Сейфте 11,5 млн теңге, 300 мың ресей рублі, 150 мың АҚШ доллары болған, – деп түсіндірді баспасөз қызметінде. – Жалпы шығын – 64 миллион теңгеден астам. Қылмыскерлерді іздеу шарасы жарияланды". Тергеу нәтижесі жайлы әзірге мәлімет жоқ.

Алимент қарызы –

миллион теңгеге жуық

Қостанай қаласының мамандандырылған әкімшілік соты 1977 жылы туған С-ға қатысты әкімшілік істі қарады. Ол ҚР ӘҚБтК-нің 669 бабы бойынша жауапқа тартылған. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға сәйкес, азамат С. 1999 жылы туған баласына алимент ретінде азаматша С-ға ай сайынғы кірісінің 4/1 бөлігін төлеп тұру туралы сот бұйрығын орындамаған.

Сот орындаушысының қаулысына сәйкес, оның 11-қыркүйекке дейінгі алимент бойынша қарызы 885 000 теңгеге жеткен. С. өз кінәсін толық мойындады. Сот қаулысымен С. әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 5 тәулікке қамауға алу түріндегі жазаға тартылды. Қаулы заңды күшіне енген жоқ.

Жол апатынан көз жұмды

13 қыркүйек күні Қостанай-Рудный тас жолында "Лада Приора" мен КамАЗ жүк көлігі соқтығысты. Апат салдарынан бір адам көз жұмып, үшеуі жарақаттанды.

Облыстық ІІД баспасөз қызметінің мәліметіне сәйкес, "Лада" жүргізушісі рөлге ие бола алмай, жүк көлігіне барып соқтығысқан. Оқиға орнында жеңіл көліктің 55 жастағы жолаушысы опат болды.

"Үш жолаушы түрлі жарақаттармен ауруханаға жеткізілді. Екі көлікті жүргізушінің де ішімдік ішпегені анықталды", – деп хабарлады баспасөз қызметі. Ауруханаға жеткізілгендердің жағдайы ауыр, олардың бірі жасанды тыныс алу аппаратына таңылған. Сотқа дейінгі тергеу амалдары басталды.

Мас жүргізушілер жауапқа

тартылды

"Мас жүргізуші – қылмыскер" операциясы өткен екі күнде ОІІД жергілікті полиция қызметі жол ережесін бұзудың 817 жағдайын анықтады.

Операция кезінде облыс жолдарында ұсталған 47 мас жүргізушінің үшеуі бұған дейін сот тәртібімен жүргізушілік құқықтан айырылған екен. Мысалы, Қостанайда Қайырбеков-Көбеев көшелерінің қиылысында жергілікті полиция қызметінің қызметкерлері "Лада-Приора" машинасының жүргізушісін ұстады. Ол аздап ішімдік ішіп алған.

ОІІД жергілікті полиция қызметінің бастығы Н.Исмағұловтың айтуынша, көң тараған құқық бұзушылық – белгіленген қозғалыс жылдамдығын асыру болып табылады. Осындай жол ережесін бұзудың 147 жағдайы анықталған. Жиі тіркелетін құқық бұзушылықтың тағы бір түрі – қауіпсіздік белдігін тақпау. Бұл көрсеткіш 121-ге жеткен. Көлікпен келе жатып ұялы телефонмен сөйлескені үшін 136 жүргізуші, машина терезесін қараңғылағаны үшін 8 жүргізуші әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Құқық бұзушылардың қатарында 70 жүргінші бар.

ТАРИХ. ТАҒЫЛЫМ. ТАҒЗЫМ

1-бет – Мен атама байланысты түрлі деректерді жинап келемін. Әкем Рамазан Амангелдиев есейген шағында қолына қалам алып, әкесі туралы "Батырдың балалық шағы" деген роман жазуды бастады. Бірақ, аяқсыз қалды. Өйткені, әкем соғыс басталған жылы май-

танай қалаларынан, Қарағанды, Ақмола облыстарынан арнайы тойға шақырылған қонақтар, ауданның зиялы қауым өкілдері, барлығы 200-дей адам қатысты. Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетовтің құттықтау хатын оның орынбасары Марат Жүндібаев оқып берді.

көбі білмейтін тың деректерді ортаға салды. Жиын соңында бір топ азаматтарға шапан жабылып, сый-сыяпат жасалды.

"Елдік пен Ерлік даласы" атты республикалық атты айтысқа Бүркітбай Бекетов, Айбек Қалиев, Мамай Ізтілеу, Азамат Мөлжанбай, Бағила Балмашева, Салтанат Өтелбаева Марғұлан Оспанов, Батырлан Сағынтаев, Байбатыр Ахметбеков, Ғалымгерей Кенжеғозин, Тоба Өтепбаев, Айбар Рағатовтар қатысты. Ақындар халық қозғалысының маңызын, Аманкелді батырдың ерліктері хақында жырлады. Ел жайы да назардан тыс қалған жоқ. Аманкелді ауданы жыл санап көркейіп, жана нысандар бой көтеріп келе жатқанын айтты. Ақындардың мәнді сөздеріне ұпай көтеріп, еділ бағасын Ғұмар Ахметчин, Әлпия Орманшина, Хамитбек Мұсабаев, Жұма-Назар Сомжүрек сынды аға-апалары-



ат жарысты өткізетін алаңды табу да оңай шаруа емес. Бөйге жолының топырағы жұмсақ, аттың тұяғына зақым келтіретін тастар, ұңғыл-шұңғылдар болмауы шарт. Ал Аманкелдіде мұндай жер – Тойтөбе. Әсем ән, күмбірлеген күймен астасқан осынау сән-салтанат баршаны керемет бір күйге бөлеп тұр. Қырағы көз бапкерлер бөйге аттарының артық-кемін жазбай танып, алдын ала байқап, тиісті қорытынды жасап отыр. Кей ақсақалдар бас бөйгені алатын атты да жорамалдап қойған. Бөйге басталмай тұрып, халық театрландырылған қойылымды тамашалады. Аманкелді сардардың жұрттың басын қосып, губернаторға, кейін орыс патшалығына қарсы көтеріліс бастау сәтінен көріністер қойылды.

құнан алға шықты. Сонымен, мәреге 17 жастағы Ақылбек Жұмағалиев мінген "Сарматам" бірінші жетті. Аттың иесі – Азамат Бұлтанов.

Шабандоздар 25 шақырымдық аламан бөйгеге қатысты. Басты жүлде – автокөлік. Аламан бөйгеде белгілі атбегі, торғайлық Балғабай Қабжановтың жүйрігі бәрінен озып, мәреге жеке дара келіп жетті.

Орталық стадионда алыптар бәсекесі – "Түйе палуан" өткізілді. Бозкілемге "Қазақстан барысы" турнирінің алғашқы жеңімпазы Ұлан Рысқұл, халықаралық жарыстардың жүлдегерлері Руслан Әбдіразақов, Ержан Шынкеев, Сейтен Айбат секілді кілең мықтылар шықты. "Түйе палуанда" Ұлан Рысқұл ақтық сында Ержан Шынкеевтен айласын асырып, жеңіске жетті. Осылайша, ол автокөлік иегері атанды.



мыз беріп отырды. Бірінші кезекті аяқтаған соң Айбек Қалиев пен Азамат Мөлжанбай, Салтанат Өтелбаева мен Марғұлан Оспанов айтысты. Осы төртеудің айтысынан кейін еділқазылар келісіп, шешім шығарды. Нәтижесінде, бас бөйге Айбек Қалиевке бұйырды. Бірінші орынды Салтанат Өтелбаева еншіледі. Екінші орынды Азамат Мөлжанбай алса, үшінші орын Марғұлан Оспанов пен Батырған Сағынтаевқа бұйырды.

Осыдан соң аудан орталығына келген қонақтар мәдениет үйіндегі көрмені, А.Иманов мұражайын тамашалауға мүмкіндік алды. Меймандарға арнайы тігілген ақшаққан үйлерде қонақсы берілді. Той әрі қарай аудан өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламаға ұласты.

Кекілін желге сүйдіріп...

Қалың қауым бөйге болатын жерге қарай ағылды. Бұл күнде



Сөйтіп, шашасына шаң жұқпаған сәйгүліктер ауыздығымен алысып, алға ұмтылды. Ат бөйгесі десе арқасы қозатын жанкүйерлер Тойтөбені қиқуға бөледі. Шабандоздар 12 шақырымды өңсеру керек. Әу дегеннен облысқа белгілі кәсіпкер А.Тұрсынның "Аргон" атты сәйгүлігі суырылып алға шықты. Қостанайлық "Хан", арқалықтық "Лазер", аманкелділік "Ақтанау" да осал емес. Соңғы екі айналым қалғанда "Аргон" шаршаңқырап қалған сыңайлы, Атбасардан қосылған "Сарматам" атты торы

Атаулы мереке соңы орталық алаңдағы эстрада жұлдыздарының қатысуымен өткен концерт, от шашумен аяқталды.

Міне, халық қозғалысына арналған Батпаққара төсіндегі той өз мәресіне жетті. Жоғары деңгейде ұйымдастырылған тойға жан-жақтан келген құрметті қонақтар ден риза.

СУРЕТТЕРДЕ: Аманкелді ауданында өткен ғасырлық тойдан көріністер.

Суреттерді түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.



данға баруға өтініш берген екен. Енді бұл кітапты аяқтап, халыққа жеткізу – менің міндетім, – деді батырдың немересі.

Ал Жамбыл облысы, Шу ауданынан келген зейнеткер, Аманкелді Үдербайұлын дәріптеп, насихаттаушы Рысбай Райысұлы:

– Аманкелді Иманов 1918 жылдың наурызында Торғай уезінің әскери комиссары болып тағайындалған. Ең өкініштісі, 1919 жылы Торғайда Кеңес өкіметі құлап, батыр бабамыз қанды көйлек сарбаздарымен бірге тұтқындалды. Ел ішінің тыныштығы кетіп, Аманкелді батыр-

"1916 жылғы халықтық қозғалысты тарихи тұрғыда зерделеу мәселелері" тақырыбында профессор, тарих ғылымдарының докторы Аманжол Күзембайұлы баяндама жасады. Ол өз сөзінде:

– Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан дейді қазақ. Мұндағы айтайын дегеніміз осы тарихи құбылысқа шынайы баға беру қажеттілігі енді туған сияқты. Қозғалыс төңкеріске ұласты, соның нәтижесінде Ресей империясының ұлан-ғайыр территориясында Кеңес үкіметі орнады. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс біржақты ғана зерттеле бастады.



дың туыстарына атамекенінде тыныш өмір сүру мүмкін болмайды. Қауіп-қатер жиілеген 1920 жылы батырдың ағайын-туыстары мен бауырлары, шамамен 140 отбасыдай болса керек, Торғайдан дүркірей көшеді, – деп, естеліктерінен үзінді оқып берді.

Іс-шаралар легі "Мәңгілік Ел мұраты: Тарих пен тағылым" атты ғылыми конференциямен жалғасты. Оған Қостанай облысы әкімінің орынбасары Марат Жүндібаев, Астана, Алматы, Қос-

Қозғалыстың әрбір он жылдығында Торғайға экспедиция ұйымдастырылып, есепсіз деректік материалдар жинақталды. Олардың көпшілігі жарияланды да. Ә.Жанкелдин, А.Иманов жөнінде құжаттар жинағы ертеректе жарық көрді. Өкініштісі, барлығы да тек кеңестік идеология тұрғысынан қарастырылды, – деді.

1916 жылғы халық қозғалысының өңір тарихындағы орны туралы белгілі ақын Хамитбек Мұсабаев баяндама жасап, жұрттың

Меншік иесі:

"Қостанай таңы" газеті редакциясы" ЖШС

**Директор-Бас редактор
Жанұзақ
АЯЗБЕКОВ**

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69

Директор-бас редактордың орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65

Жауапты хатшы: 54-33-22

Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-68

Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42

Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25

Жарнама бергізіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия:

54-99-88, 39-26-88

Компьютер орталығы:

54-54-45

Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91

Аманкелдіде: 2-17-40

Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02

Рудныйда: 8-714-31-2-72-56

Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы:

110000, Қостанай қаласы,

Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген.

Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Қостанайполиграфия" ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.